

ЖЕКЕ БАҚША ЖАБЫЛСА, БАЛА ҚАЙДА БАРАДЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АЛТЫН ҒАСЫРЫ БАСТАЛДЫ МА?

6-БЕТ | ШАРТАРАП



СОЛТҮСТІККЕ КӨШ – ТАРИХИ МИССИЯ

7-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Рухани әлемі кең, рухы биік ел – қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңу де жеңіл.*

**Шерхан МҰРТАЗА**

№8 (4752)
Бейсенбі
23 қаңтар
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



**ЕЛОРДАДА ЕКІ КҮН ҚАТАРЫНАН ҚАР ЖАУЫП, ҚАЛАНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР. БІР ТҮН ІШІНДЕ 54 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ҚАЛА СЫРТЫНДАҒЫ ПОЛИГОНДАРҒА ШЫҒАРЫЛДЫ.**

3

# ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРБАЛАСЫ

Өткен аптада елімізде картоп бағасының күрт көтерілуі байқалған еді. Осы жағдайға байланысты Астанада картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шара қабылданды.

## КАРТОП БАҒАСЫ ТҰРАҚТАНДЫ



Қазір елордада картоптың жетіспеушілігі мәселесі жоқ. Өнімдер қаладағы сауда желілері мен базарларда жеткілікті мөлшерде ұсынылып, қорлары дер кезінде толықтырылуда.

«Астана» СПК» АҚ 7 мың тоннадан астам картоп жеткізуге келісімшарт жасады, бұл бірқатар сауда орнында өнімге тұрақты бағаны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Картоптың құны келісіне 185 теңгеден 250 теңгеге дейінгі аралықты құрайды.

Картоп қаланың «Magnum», «Вкусмарт», «Аян», «Анвар», «Фермаг» сияқты сауда желілерінде, сондай-ақ «Сауран», «Шапағат» және басқа да базарларда бар.

Сонымен қатар «Астана» СПК» АҚ 7 мың тоннадан астам картоп жеткізу бойынша жаңа келісімшарттар жасау жұмысын жалғастыруда. «Magnum» желісінде картоптың белгіленген бағамен – келісіне 185 теңге қорын қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Өңірлік комиссия әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуіне мониторинг және тұрақты тексеру жүргізеді.

**«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**






Харбинде өтетін қысқы Азия ойындары қарсаңында Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитеті суретші Әйгерім Кәрібаевамен бірлесе отырып, еліміздің спортшыларын қолдауға бағытталған бірегей иллюстрация жасады.

Иллюстрацияда қысқы спорт түрлері – шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, хоккей, конькимен жүгіру және шаңғы спорты авторлық стильде бейнеленген. Жұмыс этно-модерн стилінде орындалып, ұлттық дәстүрлер мен заманауи өнер үйлесім тапқан. Харбиндегі Азия ойындары 7-14 ақпан аралығында өтеді. Қазақстан биатлон, керлинг, ски-альпинизм, хоккей, шорт-трек, конькимен жүгіру, шаңғы жарысы, фристайл-акробатика, тау шаңғысы және мәнерлеп сырғанау сияқты спорт түрлерінен өнер көрсетеді.



Алдағы үш күнде республика бойынша температураның одан әрі төмендеуі күтіледі деп мәлім етті «Қазгидромет».

23-24 қаңтарда солтүстік-батыс циклонының әсерінен елдің шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарында қар жауады. Ал қалған аумақта жауын-шашынсыз ауа райы болады. Республика бойынша боран, көктайғақ, тұман, екпінді жел күтіледі. Еліміздің солтүстігінде ауа температурасы түнде 20-30 градус аяз, жекелеген аудандарда қатты аяз -35 градус болады деп болжанып отыр. Күндіз 13-20 градус аяз, елдің орталығы мен шығысында 20-35, жекелеген өңірлерде 40 градус қатты аяз, оңтүстікте түнде 15-25 градус, жекелеген аудандарда 28 градус қатты аяз, күндіз 5-15 градус аяз болуы ықтимал. Кеше Астанада ауа райының қолайсыздығына байланысты 1-9-сынып оқушылары қашықтан оқыту фоматына ауыстырылды.



# БЕЙБІТСҮЙГІШ САЯСАТ ҰСТАНАМЫЗ

«Ақорда» резиденциясында тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Кипр Республикасының елшісі Петрос Накузис, Жапония елшісі Ясумаса Иинджима, Қытай Халық Республикасының елшісі Хань Чуньлинь, Австрия Республикасының елшісі Андреа Бахер, Буркина-Фасо елшісі Аристид Рапугдондба Людовик Тапсоба, Лаос Халық Демократиялық Республикасының елшісі Сипхандон Ойбуабудди, Жаңа Зеландия елшісі Марк Джулиан Трейнор, Дания Корольдігінің елшісі Йеспер Вар, Словения Республикасының елшісі Аленка Сухадолник табыстады.

Президент еліміз жаһандық және өңірлік деңгейдегі тыныштық пен қауіпсіздікті қолдауға бағытталған бейбітсүйгіш саясат ұстанатынын жеткізді. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты бағыты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан әлемдік ауқымдағы іс-шаралар мен кездесулерге ұйытқы бола отырып, халықаралық аренадағы белсенді ойыншыға айналды. Өңірдегі ірі экономикасы бар ел ретінде түрлі мемлекеттерден инвестицияны көптеп тартып отыр. Сондай-ақ Қазақстан нарығы экономикалық ынтымақтастыққа ашық.

Кездесу соңында Президент елшілердің ресми түрде дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттер басшыларына ыстық ықыласын жеткізді.

# БАУЫРЛАС ХАЛЫҚҚА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Болу провинциясында орналасқан Карталкая тау шаңғысы орталығында болған өрт салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және өзінің атынан Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған мен жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бауырлас түрік халқына көңіл айтып, зардап шеккендердің тез арада сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

# ДОНАЛЬД ТРАМПТЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың 47-нші Президенті Дональд Трампқа жеделхат жолдап, оны 20 қаңтарда Вашингтонда өткен ұлықтау рәсімінде АҚШ Президенті қызметіне ресми түрде кірісуімен құттықтады.

Бұл туралы Ақорданың ресми Telegram-арнасы хабарлады. Жеделхатта Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының энергетика, ядролық қаруды таратпау және халықаралық қауіпсіздік салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастығы одан әрі табысты дамитынына сенім білдірілген.

# ҚАЗАҚСТАНДА АЭС-ті КІМ САЛАДЫ?

Энергетика министрлігі АЭС құрылысын салуға үміткер компаниялардың тізімін жариялады. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің жетекшілігімен Қазақстан делегациясы Ресейге іссапармен барып қайтты.

Министрлік Ленинградтағы АЭС-тың жұмыс тәжірибесімен танысып қайтқан. Сонымен қатар ВВЭР-1200 реакторлары бар 3+ буын энергоблоктарының технологияларын зерттеді. ВВЭР-1200 реакторы – «Росатом» мемлекеттік корпорациясының флагмандық жобасы. Қазақстанның Ресейге сапары АЭС салуға қажетті технология жеткізушілермен жүргізілген диалогтың соңғы кезеңі болды. Бұған дейін делегация Оңтүстік Корея, Франция және Қытайға барып қайтқан еді. Қазіргі таңда АЭС салуға үміткер ретінде 4 компания тіркелді. Олар: Ресейдің «Росатом», Қытайдың CNNC, Оңтүстік Кореяның KHNP, Францияның EDF компаниясы. Министрліктің мәліметінше, АЭС салуға арналған технология жеткізушісін таңдау бойынша соңғы шешім биыл қабылданады. Ол ұлттық мүдделер, халықаралық нормалар және МАГАТЭ-нің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылмақ.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ БЕРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР-дың Қазақстандағы жаңадан тағайындалған елшісі Хань Чуньлинді қабылдады.Президенттің айтуынша, Қазақстан Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге айрықша мән береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хань Чуньлиннің дипломатиялық миссиясы екіжақты қарым-қатынастар қарқынды дамыған кезеңге тұспа-тұс келгенін атап өтіп, Қазақстан тарапының Қытаймен өзара ықпалдастықтың барлық бағытына тың серпін беруге дайын екенін тоқталды.

Хань Чуньлинь ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің сәлемі мен ықыласын жеткізіп, екі ел арасындағы мәңгі стратегиялық серіктестік жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалогтың арқасында бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілгеніне назар аударды. Сондай-ақ елші Қытай мен Қазақстанның сан қырлы байланысын одан әрі нығайтуға және өзара ынтымақтастықтың жоғары динамикасын сақтауға бар күш-жігерін жұмсайтынына сендірді.

Кездесу барысында екіжақты күн тәртібінің негізгі мәселелері, соның ішінде сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективалары талқыланды.



# РОБОТТАР СОТТЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Президентке сот жүйесі қызметінің былтырғы қорытындылары туралы мәлімет берілді. Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын, еркіндігін және заңды мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету сот жұмысының басымдығы саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаралған істер мен материалдар санының ұлғайғаны, сондай-ақ соңғы 5 жылда сот төрелігін жүзеге асыру сапасының ең жоғары көрсеткішіне (жергілікті соттардың сот актілерінің 98,9 пайызы заңды әрі негізі бар деп танылды) қол жеткізілгені жөнінде баяндалды. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа дейінгі татуласу рәсімдері көптеп қолданылып жатыр. Алқабилердің құзыреті кеңейіп, олар қарайтын істердің саны (147-ден 261-ге дейін) екі есеге өсті.

Жоғарғы Сот төрағасы салаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жайында айтты. Бұл әдіс біркелкі сот практикасын қалыптастыруға, судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді (материалдар мен істердің үштен бір бөлігі, яғни 2 миллион істің 665 мыңы роботты техниканы қолдану арқылы қаралды).

Асламбек Мерғалиев судьялардың дербестігін нығайту мен әкімшілік әділет саласын кеңейтуге бағытталған заң шығару бастамалары, сондай-ақ кассациялық соттар құру туралы хабардар етті. Мемлекет басшысы заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамның соттарға сенімін арттырудың маңызын атап өтті.

# IT-ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында IT-қызметтер мен өнімдер экспортын дамыту мәселелері қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады.

Оның айтуынша, Қазақстанның IT-экспорты оң динамиканы көрсетіп отыр. 2024 жылдың 9 айы бойынша ол 471 млн долларды құрады. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26 пайызға көп. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша негізгі міндет – 2026 жылы бұл көрсеткішті $1 млрд-қа жеткізу.

Қазақстанның IT-экспортын ілгерілетуде Astana Hub басты рөл атқарады. Astana Hub резиденттерінің саны 1,5 мың компаниядан асты, оның ішінде 400-і – халықаралық. Олардың жалпы кірісі 2024 жылы 620 млрд теңгені құрады. Бұл ретте экспорттан түскен табыс 227 млрд теңгені, яғни $479 млн-ды құрады. Жаслан Мәдиев Astana Hub резиденттерінің экспорттық географиясы 90-нан астам елді қамтитынын мәлімдеді. Astana Hub резиденттерінен басқа «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-тың GovTech өнімдері алғаш рет экспортқа шықты. Мұндай шешімдердің қатарына Smart Data Ukimet, Smart Bridge және ИНБП веб-сайт құрастырушысы кіреді.

Министр бүгінде Қазақстанда ірі халықаралық IT-компаниялар мен шетелдік IT-мамандарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын жеткізді. Оның сөзінше, үздік 10 IT-экспорттаушының негізгі бөлігі – Қазақстанға көшу туралы шешім қабылдаған шетелдік компаниялар. Нәтижесінде еліміз тек ірі қалаларда ғана емес, елдің аймақтарында да жаңа жұмыс орындарын алуда. Сондай-ақ экспорттық кіріс түрінде жаңа капитал ағынын алады.

«Цифрлық көшпенділер» деп аталатын шетелдік IT-мамандарды тарту үшін жаңа Digital Nomad Visa және Digital Nomad Residency бағдарламалары іске қосылды. Бұл – тұруға рұқсат алудың жеңілдетілген онлайн-процедуралары. Бүгінде Қазақстанда 20 өңірлік IT-хаб жұмыс істейді. Astana Hub-тың барлық бастамасы қазір өңірлердегі IT-компанияларға қолжетімді.

№8 (4752) 23/01/2025 Бейсенбі

# СУ БАСУ ҚАУПІН АЗАЙТАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларына нөсер және тазарту құрылыстары салынып жатқаны туралы жазды.



«Елорданың қарқынды дамып келе жатқанын ескерер болсақ, нөсер және тазарту құрылыстарын салу – маңызды бағыт. Елордада бірқатар инженерлік инфрақұрылымның құрылысын жүргізіп жатырмыз. Мәселен, Е32 (Нұра ауданы) көшесінде кәріз сорғы станциясын (КСС) салып жатырмыз. Ғимарат қуаты тәулігіне 290 мың $м^3$ болатын қаладағы ең өнімді станциялардың бірі болады. Оны іске қосу қаланың сол жағалау бөлігін су тарту жүйесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал бұл тұрмыстық кәріз коллекторларының су басу және толып кету қаупін азайтады. Нысанды осы жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек.



Оның айтуынша, осы жылдың соңына дейін Абай даңғылында кәріз сорғы станциясын пайдалануға беру жоспарланған. Бұл 80-жылдардағы тозығы жеткен желілер мен құрылыстарды қолданыстан шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қаланың оң жағалауындағы тұрмыстық кәріз жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

«Сондай-ақ нөсерлі кәріз жүйесін дамыту мәселесімен жүйелі түрде айналысамыз. Біз жауын-шашын кезінде ағын су жиналатын қаланың жекелеген учаскелеріндегі нөсерлі кәріз желілері мен құрылыстарының жарамдылығына байланысты нақты қиындықтарды шешеміз.

Биыл Ақбұлақ шағын ауданында нөсер кәрізінің тазарту құрылысын реконструкциялау жұмысын аяқтаймыз. Жоба аясында тазарту құрылыстарының өнімділігін тәулігіне 21 мың $м^3$ дейін арттыру, сорғы жабдығын ауыстыру, жаңбыр суы ағынының тазарту жүйесін тиісті жағдайға келтіру жұмысы орындалады. Жобаны іске асыру Б.Момышұлы даңғылында және т. б. орындарда су басу қаупін азайтуға мүмкіндік береді» деп жазды қала әкімі.

Жеңіс Қасымбектің мәлімдеуінше, жалпы қала бойынша 2024 жылы 24 км сумен жабдықтау желісі, 11 км тұрмыстық кәріз желісі салынды. Сол сияқты 8,1 км сумен жабдықтау желісі, 2,1 км тұрмыстық кәріз желісі ауыстырылды және реконструкциялаудан өтті. Бұған қоса, 3 кәріз сорғы станциясы және 7,3 км нөсер кәрізінің магистральды коллекторы салынды.

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАЙДЫ



Елорданың №101 орта мектебінде балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру және қауіпсіздікті нығайту мақсатында жиын өтті. Қалалық Білім басқармасы және Экономикалық тергеу департаментінің ұйымдастыруымен өткен кеңеске білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтар қатысты.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдердің қаржылық қауіпсіздігін арттыру, онлайн-алаяқтықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Алдын алу шараларының тиісті деңгейде жүргізілуіне қарамастан үлкен де, кіші де білместіктен алаяқтықтың құрбаны болып жатыр. Бұл туралы жиын барысында Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев атап өтті.

«Балалар интернет пен мобильді құрылғыларды белсенді пайдаланады. Бұл бір жағынан жаңа мүмкіндіктерді ашса, екінші жағынан оларды әртүрлі қауіптерге, мысалы, «дропперлер», интернет-алаяқтық және қаржылық қылмыстарға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан оқушыларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі аспектілерінің бірі – олардың цифрлық кеңістікте хабардар болуы және қорғалуы. Осы бағытта 5-11-сынып оқушыларына арналған сыныптан тыс ашық сабақ бағдарламалары әзірленді, олар тәуекелдердің алдын алуға және пайдалы дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді» деді басқарма басшысы.

Ал Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті Тергеу басқармасының басшысы Мэлс Ақылбаев бүгінде оңай жолмен ақша тауып, бәс тігіп, құмар ойынға және қаржылық пирамидаларға құныққан жастардың саны, өкінішке қарай, артып келетінін атады.

«Елде заңсыз ойын бизнесінің зардабын жоюға бағытталған түрлі шара қолға алынғанмен, жымысқы әрекетін жасырын түрде жүзеге асыратындар азаматтарды сан айламен арбайтын болған. Тірнектеп тапқанын құмар ойынға құрбан қылғандардың дені – жастар. Сондықтан жас ұрпақпен кешенді жұмыс жүргізу өзекті. Мәселен, республика бойынша қаржы пирамидаларына 2500-ден астам азамат алданып, 3 млрд теңге көлеміндегі қаржысынан қағылды. Сондықтан жасөспірімдер үшін маңыздысы – ата-анасының айтқанына құлақ асу және жеңіл ақшаға құнықпау» деді М.Ақылбаев.

Экономикалық тергеу департаменті «Заң мен тәртіп» баяндамасы аясында жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған профилактикалық іс-шараларды елорданың барлық мектебінде жүргізуде.

Жиын барысында педагогтар тарапынан сұрақтар қойылып, кәмелетке толмағандар арасындағы қауіпсіздікті арттыру бағытындағы тапсырмалар нақтыланды.

«Лудомания, онлайн-алаяқтық, қаржы пирамидалары – көпшілікті алаңдатып отырған негізгі мәселелердің бірі. Мұндайда оған немқұрайдылық танытпай, қаржылық сауаттылықты жетілдіру қажет екені сөзсіз. Қазірдің өзінде оқу бағдарламасындағы «Жаһандық құзыреттілік» пәні аясында қаржылық сауаттылық негіздері оқытылады. Алдағы уақытта ата-аналармен белсенді жұмыс жүргізуге күш салынады» деді кеңеске қатысушы, №42 орта мектеп директоры Меруерт Әбітайқызы.

Бас қалада «Мама ПРО» қорының жобалары арқылы ерекше балаларды тәрбиелеп, өз кәсібін ашып, бизнесте табысқа жеткен әйелдердің форумы өтті. Астана қаласының әкімдігі қолдаған жоба ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналарға кәсіп бастауға және қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

# ҚОР ӘЙЕЛДЕРДІҢ КӘСІБІН ҚОЛДАЙДЫ

Қор аналарға қысқа мерзімді курстармен бірге тереңдетілген білім беру бағдарламалары, менторлық қолдау мен коучинг сессияларын ұсынады. 12 айлық оқу барысында әйелдер қаржылық жоспарлау, маркетинг, бизнес үшін жасанды интеллект қолдану, үш жылдық стратегия құруды үйренеді.

Жоба аясында Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 100-ден астам әйел бизнесін дамытты. Қор 2018 жылдан бері 143 курс өткізіп, 3500-ден астам әйелді оқытты.

Айта кетейік, қор балаларды да назардан тыс қалдырмай, ерекше балаларға арналған арнайы сабақтар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған.

Форумда сөз алған қордың тең құрылтайшысы Әсия Тикеева қала әкімдігінің қолдауымен көптеген әйелдің жұмыспен қамтылғанын әрі олардың еңбек орталығы арқылы жұмыс тауып, ал кейбірі аталмыш қорда жұмыс істейтінін алға тартты. Мәселен, қордың курсына қатысқан Лейла Бехбудова – ерекше қызы бар ана. Ол балаларға арналған қауіпсіз ойыншықтар тоқиды. Қазіргі таңда Лейла өз бизнесін дамытып қана қоймай, тұрақты тұтынушылар базасын қалыптастырған.

Еске сала кетейік, қор курстары тек Астанада емес, Алматы, Шымкент, Қостанай және Өскемен қалаларында да өтеді.



# КОЛЛЕДЖДЕР МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Amanat партиясы жанындағы әйелдер қанатының бастамасымен Астана қаласы әкімдігінің Astana Polytechnic жоғары колледжінің базасында «Жұмысшы мамандықтарын дамыту бойынша әріптестік» тақырыбында қалалық мәслихат депуттатары мен жетекші компаниялардың кездесуі өтті.

Кездесуге Amanat партиясының хатшысы, әйелдер қанатының төрайымы Шолпан Каринова, Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммеджан Болысбек, Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты және ірі кәсіпорын басшылары қатысты. Amanat партиясы Астана қалалық филиалының әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі жөніндегі кеңесшісі, қалалық мәслихат депутаты Салтанат Женалаева модераторлық етті.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында, жұмысшы мамандықтарды насихаттау мақсатында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасында ынтымақтастық орнату. Кездесу нәтижесінде Астана қаласы әкімдігінің Astana Polytechnic жоғары колледжі бастаған бірқатар колледж қаладағы бірнеше ірі кәсіпорынмен меморандумға қол қойды.

# ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРҚЫНДЫ

Бас қалада екі күн бойы тоқтаусыз қар жауды. Коммуналдық қызметтер ауа райының қолайсыздығына және боранға қарамастан тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

22 қаңтарға қараған түні коммуналдық қызметтер елордадан 4508 жүк көлігі қар шығарды. Бұл – 54 мың текше метрден астам қар. 22 қаңтар күні таңертең қар тазалау жұмысына 2600-ден астам жол жұмысшысы мен 1900-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Қыс мезгілінің басынан бастап полигондарға қаладан 290936 рейс арқылы 3,6 млн текше метрден астам қар шығарылды. Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. тазартылады. Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамалар мен тротуарларда тазалау да басымдыққа ие. Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған. Мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

№8 (4752) 23/01/2025 Бейсенбі

Райхан
РАХМЕТОВА




# ЕУРАЗИЯДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ТРАНЗИТТІК ТОРАП

Көлік – ел экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын аса маңызды сала. Әлеуметтік-экономикалық саланы дамыту, өнеркәсіп өндірісін жаңғырту жолындағы міндеттерді іске асыруда көлік саласы үлкен рөл атқарады. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміздің көлік-логистика әлеуетін толық пайдалану бойынша стратегиялық маңызды міндет қойылды.

Саланы дамыту мақсатында жүзеге асып жатқан жобалар туралы Қ.Тоқаев осы жылы «Ana tili» газетінде жарияланған сұхбатында: «Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып бітеді. Бұл жоба еліміздің көлік-транзит инфрақұрылымын түбегейлі өзгертеді. Осы бағыттағы темір жолдың жүк тасымалдау мүмкіндігі 5 есе артады, контейнер пойыздары жүкті бұрынғыдан едәуір жылдам жеткізетін болады. Бір айта кетерлігі, мұндай ауқымды жоба алғаш рет өз жобалаушыларымыздың, инженерлеріміз бен құрылысшыларымыздың күшімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін темір жолдың құрылысы аяқталады. Бұл жоба Алматы темір жол торабына түсетін салмақты едәуір азайтып, жүк жеткізу мерзімін қысқартады. Жолаушылар тасымалының сапасын арттыру үшін вагондар жаңартыла береді» деп атап өтті.

Байланыс мүмкіндігінің аясын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағдары мен Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізін дамытуға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасында елеулі рөл атқаруға ниетті. Мақсат – өңіраралық қатынастарды нығайтып қана қоймай, орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыру. Президент көлік инфрақұрылымының маңызына тоқтала келе: «Еуразия құрлығындағы жетекші транзиттік торапқа айналған біздің ел үшін орнықты дамудың тағы бір маңызды алғышарты – көлік және транзит саласы. Біз көлік инфрақұрылымына, атап айтқанда, автомобиль және темір жолдарының, әуежайлар мен теңіз айлақтарының құрылысына инвестиция салуды белсенді түрде қолға алдық» деді.

Жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатқан әлемде Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбеюде. Осы ретте Қазақстанның солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасуы оған экономикалық дамуда зор мүмкіндік беріп отыр. Қ.Тоқаев сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуы тиіс деп бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешуді құзырлы органдарға тапсырды.

### ЕЛОРДАҒА ЖЫЛДАМ ЖЕТКІЗЕДІ

Соңғы жылдары Астана мен оған іргелес өңірлерге қала маңы тасымалы бойынша пойыздардың көбейіп қана қоймай, олардың мерекелерге сай безендіріліп, сервистің жаңаша дамуына халық ыстық ықыласын білдірді. «ҚТЖ» компаниясының еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ биыл мерекелік тақырыпта безендірілген жаңа жылдық электр пойызын жолға шығарды. Олар аптасына бес рет «Астана-Атбасар» және «Астана-Көкшетау» бағыттарында қатынайды. Жаңа жылдық электр пойыздарының сыртқы безендірілуі қар ұшқындары, Аяз ата және Ақшақар бейнесімен ерекшеленді.

Қысқы мерекелер қарсаңында «Астана-Бурабай курорты» бағыты бойынша жаңа туристік электр пойызы іске қосылды. Бұл электр пойыз жолаушыларды Астанадан Бурабайға аралық аялдамасыз небәрі 2 сағат 26 минутта жеткізеді. Электр пойыз сейсенбі мен сәрсенбіден басқа күндері күн сайын қатынайды. Жаңа электр пойыз 574 жолаушыға арналған үш класты вагондардан тұрады. Жайлы орындықтар «комфорт +» еуропалық стандартына сәйкес жасалған. Жолаушылардың жайлылығы үшін пойызда микроклимат жүйесі, жылдам қуаттау үшін USB-розеткалар, ойын-сауық контентіне қолжетімді Wi-Fi желісі және велосипедтерге арналған бекіткіштер орнатылған.

### ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ КӨЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ ҚАЖЕТ

Қалалар неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жолаушылар үшін де, қоршаған орта үшін де әртүрлі және қауіпсіз жаңа типтегі көлік жүйелері қажет. Біздің еліміз әзірге қалалық мінсіз көлік жүйесін құру жолын енді бастап жатыр. Қазірдің өзінде Астана халқының саны 1,5 млн адамнан асты және жыл өткен сайын елордаға көшіп келгісі келетін азаматтар саны артуда. Тиісінше, көлік жүйесіне түсетін жүктеме де өседі. Осыған байланысты елдің көлік саласын дамыту мақсатында әр жылдары көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялаудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы қабылданып, іске асты.

– Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кешенді көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілді. Бағдарлама міндеттерінің бірі – қарбалас уақытта қозғалыс жылдамдығын арттыру, жайлылық пен қолжетімділікті жақсарту арқылы қоғамдық көлікті пайдалану үлесін ұлғайту. Мәселен, 2024 жылы Астанада 300-ден астам автобус желіге шықты. Екі жыл ішінде автобус паркі 706 жаңа автобуспен толықты. Осылайша, қаланың автопаркі 45 пайызға жаңарды. Биыл қоғамдық көлік паркін тағы 300 бірлікке ұлғайту жоспарлануда. Жолаушылардың ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін арттыру үшін автобустар жаңарып қана қоймай, олардың жұмысы жаңғыртылды, бейнебақылау жүйелері орнатылды, бұл жолаушылар үшін де қауіпсіздік деңгейін арттырды, ал контактісіз карталар мен смартфондар арқылы төлемдерді енгізу жолаушылардың көлікке тезірек отыруына мүмкіндік берді, – дейді Астана қалалық ҚХА журналистер клубының төрағасы Аделия Тухбатова.

2024 жылы қалада автобустарда жол жүру құны 90 теңгеден 110 теңгеге дейін өсті. Себебі Астанада қоғамдық көлікте жол жүру тарифі 2014 жылдың қыркүйегінен бері өзгермеген. Деректерге сәйкес, жолаушылардың 30 пайыздан астамы жол ақысын төлемейді, содан автобус парктері жыл сайын 4-5 млрд теңге қаржы жоғалтады, бұл – жеке автопарктерге автобустардың белгілі бір санын сатып алуға мүмкіндік беретін үлкен сома. Сонымен қатар бұл қаржы қала бюджетіне және тасымалдау қызметтері үшін тарифтердің өсуіне әсер етеді.

– Көлік жүйесінің жұмысын жақсарта отырып, қала және жалпы ел билігі бірінші кезекте жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көліктің қоршаған ортаға әсерін азайту туралы ойлануы тиіс деп санаймын. Осыған байланысты Үкімет алдында елордада және өңірлерде көліктік жоспарлау мен жол қозғалысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, қалалық көлік жүйелерінің жұмыс істеу сапасын бағалау әдістемесін, халыққа көлік саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі жобалық шешімдерді модельдеу және оңтайландыру мәселелері бойынша маңызды міндет тұр, – дейді Аделия Тухбатова.

### ЖАЙЛЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін көлік инфрақұрылымын дамытудың маңызы зор. Бұған Мемлекет басшысы үлкен мән беріп отыр. Сол себепті жыл өткен сайын Қазақстанның көлік-логистика саласы қарқынды даму үстінде. Елорда автопаркі жылда жаңарып, қаланың көлік жүйесінде оң өзгерістер орын алды, аялдамаларда автобустардың келу аралығы қысқарып, халықтың керекті нүктесіне жылдам жетуіне мүмкіндік артты. Автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандардың жайлы да қауіпсіз қозғалысына қажетті жағдай жасалуда.

– Бұл саланы одан әрі жетілдіру қажеттігі белгілі. Біз депутаттық жұмыс барысында елорданың автобус парктерін жиі аралаймыз, олардың жағдайымен танысамыз. Мәслихаттың қолдауымен былтыр жаңа автобустар сатып алынды. Сонымен қатар Астана қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына да бюджеттен қаржы бөлгіздіріп, елорда көшелерінде тасжол төселуіне, жөндеуге септік еттік. Атап айтқанда, былтыр қалада ұзындығы 60 км болатын 50 көшеге орташа жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар бөлінген қаржы есебімен 300-ден астам көшенің шұңқырларын бүтіндеу бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылды. 70 көшеге бағдарлық жөндеу жұмыстары жасалды. 23 км ұзындықтағы 25 көшенің тротуары абаттандырылды, – дейді Астана қалалық мәслихатының депутаты Арсланбек Мағзұм.

### ҚОЛАЙЛЫ ҚОЗҒАЛЫС ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

Заманауи зияткерлік шешімдер мен технологияларды қолдана отырып, елорда халқының жүріп-тұруына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасайтын «City Transportation Systems» ЖШС мәліметіне сәйкес, 2024 жылы жолаушылар легі рекордтық деңгейге жеткен. Атап айтқанда, қоғамдық көліктер бойынша 950 мың сапар жүзеге асқан. Мектептің жол жүру билетімен 24,7 миллион сапар, ал жеңілдікті санаттармен 39 млн сапар жасалған. Былтыр жол ақысын төлеудің жаңа тәсілдері іске қосылды. Қолданысқа көлік картасы, QR-код, банк картасы, Apple Pay, Samsung Pay және Google Pay арқылы NFC төлемі, сондай-ақ Avtobys қосымшасы арқылы Bluetooth пайдалану әдістері енгізілді.

Қоғамдық көлік саласында 315 жаңа автобус сатып алынды. Жаңа бағдарлар іске қосылды: 5 экспресс-маршрут (№501, 502, 503, 504, 505), 5 қалалық бағдар (№42, 58, 62, 63, 55, оның ішінде №55 айналмалы бағдар) және 3 түнгі бағдар (№201, 202, 203). Көлік мамандарының білігін арттыру орталығында 1070 қоғамдық көлік жүргізушісі, 403 жол бақылау қызметі қызметкері және 33 такси жүргізушісі оқытылды. Қаланың үш учаскесінде қоғамдық көлікке арналған Bus Lane жаңа жолақтары енгізілді. Жол ақысын төлеуді тексеру аясында 5779350 жолаушы тексерілді. 21306 жолаушының қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуден жалтарғаны анықталды. Құқық бұзушыларға қатысты полиция қызметкерлері хаттама толтырып, әкімшілік жауапкершілікке тартты, жалпы сомасы 157323504 теңге айыппұл салынды. Велосипед маусымы 15 сәуірден 31 қазанға дейін жалғасып, 2883 белсенді пайдаланушы 121 мыңнан астам сапар жасап, 351 мың шақырым жол жүрді.

“

Қалалар неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жолаушылар үшін де, қоршаған орта үшін де әртүрлі және қауіпсіз жаңа типтегі көлік жүйелері қажет. Біздің еліміз әзірге қалалық мінсіз көлік жүйесін құру жолын енді бастап жатыр. Қазірдің өзінде Астана халқының саны 1,5 млн адамнан асты және жыл өткен сайын елордаға көшіп келгісі келетін азаматтар саны артуда. Тиісінше, көлік жүйесіне түсетін жүктеме де өседі

“

Жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатқан әлемде Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбеюде. Осы ретте Қазақстанның солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасуы оған экономикалық дамуда зор мүмкіндік беріп отыр. Қ.Тоқаев сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуы тиіс деп бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешуді құзырлы органдарға тапсырды

# ЖЕКЕ БАҚША ЖАБЫЛСА, БАЛА ҚАЙДА БАРАДЫ?

Индира БЕРЖАНОВА



БҮГІНГІ ТАҢДА ЕЛОРДАДА
**648** МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ БАР:
**546** ЖЕКЕМЕНШІК
**99** МЕМЛЕКЕТТІК

Еліміз бойынша жекеменшік балабақшалардың саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, бүгінгі таңда елордада 648 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 99-ы – мемлекеттік, 546-сы – жекеменшік, 3-еуі – ведомстволық. 2020 жылы қаладағы жекеменшік балабақшалардың саны небәрі 311 еді. Көрсеткіш «Балапан» бағдарламасы аясында 3-6 жастағы балаларды 100 пайыз балабақшамен қамту жоспары негізінде артты. Сан артқанмен, сапаға қатысты сын көп. Осы мақсатта енді балабақшаларды лицензиялауға көшіру жоспары бар. Оған сәйкес, тиісті құжаты жоқтар жабылады. Өзгеріс мектепке дейінгі білім беруді дамытуға қаншалықты ықпал етпек? Балабақшалардағы орын тапшылығы мәселесі қайта тууы мүмкін бе?

### КӘСІПКЕРГЕ КЕДЕРГІ КӨП

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялау мәселесі бірнеше жыл бойы көтеріліп келеді. Ал былтыр елімізде шағын бизнес субъектілерін тексеруге арналған 2020 жылғы мораторий аяқталып, кәсіпкерлердің жер телімдерін нысаналы мақсатынан тыс пайдалануы тексеріліп, заң бұзушылықтар анықталды. Яғни тұрғын үй мақсатында берілген жер бизнес нысанына айналды. Негізінен, коттеджderде балабақшалар ашылды. Алайда кәсібін өз қаржысынан дөңгелетіп отырғандықтан кәсіпкерлердің көп бөлігі лицензиялауға наразы. Себебі кәсіпкерлерге қатысты құжаттар арасында қарама-қайшылық бар. Бірінші кезекте балабақшаны ашу тиісті санитарлық ережелерде келтірілген шарттарға сай болу керек. «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» атты Денсаулық сақтау министрлігімен 2021 жылдың 9 шілдесінде бекітілген құжаттың 24-тармағында мектепке дейінгі мекеменің қай жерде орналасуы мүмкін екені айтылған. Яғни нысан «жеке тұрған ғимаратта, жеке үй иеліктерінде, көппәтерлі тұрғын үйдің алғашқы екі қабаттарында, сондай-ақ ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылады» делінген. Осының негізінде еліміз бойынша жекеменшік балабақшалар жаппай ашылып, балаларды орындармен қамтамасыз етті.

Ендігі құжат – Жер кодексінің 3-тармағының 107-бабына сәйкес, елді мекендердің жерлері оларда орналасқан объектілердің нысаналы мақсатына сәйкес функционалдық аймақтарға бөлінеді. Жер учаскесі бар тұрғын үй – тұрғын үйге, мемлекеттік балабақша – әлеуметтік, жеке балабақша коммерциялық аймаққа жатады. Ал осы құжаттың 9-бабының 5-тармағында жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде оның меншік иесі жер учаскесінің кадастрлық құнына тең соманы бюджет кірісіне төлеуге міндетті деген жалпы ереже белгіленеді. Бұл сома әртүрлі, алайда кәсіпкерлер 5-тен 30 миллион теңгеге дейін қаражатты төлеуі мүмкін. Іс жүзінде бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымы үй-жайдың және оның астындағы жердің иесімен жалдау шартын жасай алмайтынын білдіреді. Кәсіпкер тиісті қаражатты төлеп қана нысаналы мақсатын өзгертеді. Дегенмен бұған дейін уәкілетті орган учаскенің мақсаты туралы мұндай ақпаратты талап етпеді.

Мұны растаған елордадағы «Керемет» жекеменшік балабақшасының директоры Эльмира Құсайынованың пікірінше, лицензиялауға қайта оралу мектепке дейінгі білім сапасын жақсартуға ықпал етпей, керісінше, қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

«Нарыққа шығып, қызметін жүргізіп отырған балабақшаларға лицензия қаншалықты қажет деген сұрақ туындайды. Өйткені республика бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқумен қамту 100 пайызға жақындап қалды. Енді қысқа мерзімде рекордтық нәтижеге қол жеткізе отырып, біз лицензиялауды қайтару арқылы көптеген балабақшаның жабылуына жол береміз. 2010 жылдан бері мектепке дейінгі білім беруге құйылған жүздеген миллиард теңгені құрайтын кәсіпкерлердің инвестициясы ақталмай қалуы мүмкін. Әсіресе мегаполистерде бұл үлкен әлеуметтік шиеленісті тудырып, жұмыссыздық мәселесіне әкелмек» деді Э.Құсайынова.

### САЛАДАҒЫ САПА МАҢЫЗДЫ

Жұмысбасты ата-ана баласының тәрбиесін көп жағдайда білім беру ұйымдарына сеніп тапсырады. Алайда мұндайда жекеменшік мекемелер көптің көңіліне күмән туғызатыны рас. Себебі ата-ананың көбі балабақшалардың тәрбиешілеріне, ас-ауқатына, бағдарламасына күдікпен қарайды. Мұны Мәжілістің жалпы отырысында айтқан депутат Еділ Жаңбыршин жекеменшік балабақшаларды лицензиялау бастамасын қайта көтеріп, бұл балалардың қауіпсіздігі үшін қажет екенін алға тартты.

«Қазір кім көрінген балабақша ашып алды. Психология мен педагогикадан хабары жоқ адам сабақ береді, тәрбие береді. Сол себепті бірінші кезекте айтып жатқан мәселе – лицензиялау. Бизнесті қорғаймыз деп баланың қауіпсіздігін ысырып қоюға болмайды. Баланың тәрбиесі мен денсаулығы бизнес емес, оны қоюымыз керек. Үкімет жылына миллиардтаған қаржы бөліп жатыр. Оның нәтижесі – баласы таяқ жейді, дұрыс тамақтанбайды, балабақшадан ауырып келеді. Сондықтан лицензиялау мәселесін тездетіп енгізуіміз керек» деді Мәжіліс депутаты.

Ал Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың сөзінше, бүлдіршіндерге жақсы білім беріп отырған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар бар.

«Балаларды балабақшамен қамтуда жекеменшік мекемелердің үлесін жоққа шығармау керек. Сондықтан лицензиялау мәселесінде асықпаған жөн. Депутаттардың ұсынысына 2027 жылға қарай қайтып келеміз деп ойлаймын. Өйткені бұған кәсіпкерлердің дайындығы керек. Қазіргі таңда жекеменшік балабақшаларға қатысты талап күшейіп, лицензияда қарастырылатын талаптармен сәйкестендірілді. Сонымен бірге мен балалар қауіпсіздігіне қатысты бизнес иелерімен кездесіп, тәртіп пен сапаға мән беруді талап етіп жатырмын» деді министр.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, лицензиялау талаптары қатаңдатылмай, мемлекеттік және жекеменшік балабақшалар үшін бірдей болады. Десе де лицензиялауды енгізуде орын тапшылығы мәселесінің қаупі тағы бар. Себебі республика бойынша 250 мыңнан аса балаға әлі де орын жетпей отыр. Білім беру ұйымдарының саны қысқарған жағдайда, мемлекеттікке ілігемін деген кезегі келгенше, бүлдіршіндер балабақша табалдырығын аттай алмай қалуы да мүмкін...

### ЖҮЙЕЛІ ШЕШІМДЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

«Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігінің сарапшысы Шарапат Сейсембекқызы лицензияны қайтадан енгізу мәселені түбегейлі шешпейді дейді. Сондықтан аталмыш бірлестіктің 4 мыңдай мүшесі оған қарсы.

«Осыдан 15 жыл бұрын елімізде балабақшалар жетіспеген кезде мемлекет «Балапан» бағдарламасын қабылдап, лицензияны алып тастады. Нәтижесін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Балалар мектепке дейінгі ұйыммен толық қамтылды.

Қазіргі таңда Білім министрлігінің №381 бұйрығы жеке балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс алу үшін қатаң талаптар қояды. Бұл талаптар бұрынғы лицензиялау талаптарынан асып түседі. Яғни жеке балабақшалардың 90%-ы мемлекеттік тапсырыс арқылы жұмыс істейді, бұл олардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Ал мемлекеттік балабақшалардың жағдайы көбінде күрделі жөндеуді қажет етіп отыр.

Жоғары білікті педагогтардың жетіспеушілігі – білім берудегі негізгі мәселе. Лицензияның енгізілуі бұл проблеманы шешпейді, себебі лицензия тек рұқсат құжаты ретінде ғана жұмыс істейді, ал сапаны арттыру үшін мұғалімдердің білігін көтеру қажет.

Қазақстанда орта білім лицензияланатын сала болғанмен, мектептерде әлі де көптеген құқық бұзушылық кездеседі. Сондықтан лицензия білім сапасын жақсартуға кепілдік бермейді» деді Ш.Сейсембекқызы.

Сарапшының сөзінше, жекеменшік балабақшаларды лицензиялау олардың санын азайтып, салада көлеңкелі бизнесті күшейтуі мүмкін. Оның орнына қауымдастық жекеменшік балабақшаларды дамытудың жүйелі бағдарламасын әзірлеуді ұсынады.





2025 жылдың 20 қаңтарында Дональд Трамп АҚШ-тың 47-президенті ретінде ант қабылдап, өз қызметіне кірісті. Инаугурация рәсімі Вашингтондағы Капитолий ғимаратының ротондасында өтті. Рәсімге бұрынғы президенттер Джо Байден, Барак Обама және Джордж Буш, технология саласының жетекшілері Илон Маск, Марк Цукерберг және Джефф Безос, сондай-ақ TikTok-тың бас директоры Шоу Цзы Чю, OpenAI басшысы Сэм Альтман, Қытай Халық Республикасының вице-президенті Хань Чжэн қатысты.



# АҚШ-тың АЛТЫН ҒАСЫРЫ БАСТАЛДЫ МА?

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

### АНТТАН КЕЙІНГІ АРЫНЫ ҚАТТЫ

Ант бергеннен кейін Трамп ротондада өзінің инаугурациясына арналған сөзін сөйледі. Оның сөзі алдағы төрт жылдағы саясатының негізгі бағыттарын айқындап, Америка Құрама Штаттарының ішкі және сыртқы саясатында елеулі өзгерістер болатынын көрсетті.

Кіріспесін «Американың құлдырауы аяқталып, жаңа алтын ғасыры басталды» деп бастаған ол бұрынғы президент Джо Байденді Әділет министрлігін саяси қару ретінде пайдаланғанын және заңсыз мигранттарды қолдап, американдықтарды елемегенін сынға алды. Дегенмен ол бұл айыптауларға нақты дәлел көрсеткен жоқ.

Жаңа президент иммиграция мен экономикаға назар аударатын «бірқатар бұйрыққа» қол қоятынын және «елдің оңтүстік шекарасында ұлттық төтенше жағдай» жариялайтынын атап өтті.

«Біз «Мексикада қалу» саясатын қалпына келтіреміз. Мен басып алу және босату сияқты факторларды жоямын. Қылмыспен, лаңкестік ұйымдармен де күресеміз. 1798 жылғы шетелдік жаулар туралы заңға жүгіне отырып, біздің үкіметті АҚШ-қа, соның ішінде біздің қалаларымыз бен қала маңындағы елді мекендерге жойқын қылмыс әкелетін барлық шетелдік бандалар мен қылмыстық желілердің басшыларын жою үшін құқық қорғау органдарының толық күшін пайдаланамын» деді ол.

Трамп Американы тағы да әлемдегі ең көп мұнай мен газға ие индустриалды елге айналдыру үшін елде «энергетикалық төтенше жағдай» жариялайтынын атап өтті.

«Біз бағаны төмендетеміз, стратегиялық резервтерімізді қайтадан қуатқа толтырамыз және американдық энергияны бүкіл әлемге экспорттаймыз. Қайтадан бай ел боламыз, бұған аяғымыздың астындағы «сұйық алтын» көмектеседі» деді жаңа президент. АҚШ басшысы американдық азаматтарға салық салудың орнына өз азаматтарын байыту үшін шет елдерге салық салатынын айтты. «Бұдан былай Америка Құрама Штаттары үкіметінің ресми саясаты тек екі жыныс – еркек пен әйел болуы керек» дегенді де қосты.

Ол «Мексика шығанағының» атауын «Америка шығанағы» деп өзгертіп, АҚШ-ты тарифтер мен таланттар арқылы өте бай еткен 25-президент Уильям Мак-Кинлидің даңқын қайтаруды көздеп отырғанын жасырған жоқ. Трамп Панама каналының ақымақтықпен Панамаға берілгенін айта келіп, «Америка Құрама Штаттары жобаға бұрынғыдан да көп ақша жұмсады және Панама каналын салу кезінде 38000 адамның өмірін қиды. Панама келісімдері бұзды және американдық кемелерге, соның ішінде Америка Құрама Штаттарының Әскери-теңіз күштеріне деген көзқарасы әділетсіз» деп тағы қайталады. «Мен сендермен біргемін, сендер үшін күресемін. Мен сендер үшін жеңемін. Біздің алтын ғасырымыз енді ғана басталды» деп аяқтады АҚШ-тың жаңа президенті сөзін.

### ЖАҢА ЖАРЛЫҚТАР ЖАРЫЛҚАЙ МА?

Ұлықтау рәсімінен бұрын инаугурацияның бірінші күнінде 100-ге жуық жарлыққа қол қоюға ниетті екенін айтқан Дональд Трамп жұмысына кірісе салып бірқатар жарлыққа қол қойды. Атап айтқанда, Трамп Ақ үйге орала салып, 2021 жылы 6 қаңтарда Капитолийге шабуыл жасағандарға рақымшылық жасап, 1600 адамды босататын заңға қол қойды.

Трамп 1 миллионнан астам мигранттың жұмыс істеу мақсатында АҚШ-қа кіруіне рұқсат беретін миграциялық қосымшаның жұмысын тоқтатты. Мигранттарға оңтүстік шекарадағы 8 учаскеде кездесуге жазылуға мүмкіндік беретін қосымша енді жұмыс істемейді. CBP қосымшасы онлайн-лотерея жүйесі арқылы күніне шамамен 1450 кездесуді жоспарлайтын. Ол әсіресе Куба, Венесуэла, Гаити және Мексика азаматтары үшін өте қолайлы болған еді. Байден әкімшілігінің өкілдері бұл қосымшаны шекарада заңсыз өтуді болдырмай, заңды бағыттарды құрудағы басты жетістік деп бағалаған болатын. Сонымен қатар Трамп АҚШ аумағында өмірге келген сәбилерге автоматты түрде АҚШ азаматтығын беру шешімін тоқтату туралы жарлыққа қол қойып, АҚШ-қа барып туғысы келетіндерге үлкен тосқауыл жасады.

АҚШ-ты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Париж келісімінен шығарған Трамп Кубаны қайта «терроризмді демеуші ел» тізіміне қосты. Наркокартельдерді лаңкестік ұйымдар қатарына қосу туралы жарлыққа қол қойған ол Байден тұсындағы өлім жазасына енгізілген мораторийді алып тастады. Сондай-ақ оңтүстік шекарада мигранттар ағынын тоқтату үшін төтенше жағдай жариялау туралы жарлық күшіне енді. Дональд Трамп өз әкімшілігінің 1 ақпаннан бастап Мексика мен Канадаға 25 пайыз баж салығын енгізетінін мәлімдеді.

Осыдан бұрын Мексика шығанағы, Гренландия туралы тосын мәлімдеме жасап, жұртты таңғалдырған Трамп Мексика шығанағын Америка шығанағы деп өзгерту туралы жарлыққа да қол қойып үлгерді. 2024 жылдың сәуірінде Джо Байден TikTok-қа қатысты «платформа 2025 жылдың 19 қаңтарына дейін американдық компанияның қарамағына өтуі керек» деген заңға қол қойып, әйтпесе оның елдегі жұмысына тыйым салынатынын ескерткен. Осы жарлыққа сәйкес, 19 қаңтардан TikTok-та қысқа видеоларды орналастыру және оны көрсету қызметі бұғатталған болатын. Алайда Трамп сайлауда жеңуіне TikTok қолданушыларының да зор қолдауы болғанын алға тартып, оның жұмысын жалғастыруға мүмкіндік беретін уақытша шешім қабылдады. Құжат аясында Қытаймен келісіп, TikTok-тың кем дегенде 50 пайыз акциясын иемдену жоспары бар.

### УКРАИНАНЫҢ КҮНІ НЕ БОЛМАҚ?

Тағы бір назар аударатын түйін, Трамп АҚШ-тың барлық шет мемлекеттерге көмегін 90 күнге тоқтату туралы жарлыққа қол қойды. «Тексеріс жүргіземіз. АҚШ-тың кім-кімге болсын көмегі АҚШ мүддесіне сай келмейтін болса, біржолата тоқтатылады» деді ол. Бұл шешім Украинаны қолдаушылар арасында үлкен алаңдаушылық туғызды. Өйткені Украина соғыста қолданып жатқан қару-жарақтың 40 пайызын АҚШ көмекке берген ескерсек, көмекті 3 ай доғару қазір Ресей күштерімен қан-қасап шайқас жүргізіп жатқан Украинаға үлкен соққы болғалы тұр.

Трамп ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде Ресей, Украина жайлы айтпағанмен, Ақ үйде жарлықтарға қол қою барысында бірқатар сұраққа жауап беріп, Украина соғысына қатысты пікір білдірді. Ол жуық арада Путинмен кездесетінін жасырмады. Оның айтуынша, Украина президенті В.Зеленский келіссөз өткізуге дайын. «В.Путин келісім жасауы тиіс. Менің ойымша, ол келісім жасаспай, Ресейді құлдыратып жатыр. Егер келісім келмесе, Ресейді үлкен проблема күтіп тұр» деді Трамп. Трамп Украина мен Ресейдің әскер шығыны жайлы да айтты. «Біздің қолымызда нақты деректер бар. Украина тарапы 700 мыңға жуық сарбазын жоғалтты. Ресейдің әскери шығыны 1 млн сарбаздан асады. Ресейде сарбаз көп, демек жоғалтатын сарбаздары да көп болады деген сөз. Бірақ елді былай басқаруға болмайды, мүлде болмайды» деді.

Ал В.Путин қызметіне кіріскен Трампты алғашқылардың бірі болып құттықтап, «Трамп пен оның командасы Ресеймен тікелей қарым-қатынасты қайта қалпына келтіруге мақұл екенін көріп отырмыз. Бұл байланыс Байден командасы кезінде АҚШ тарапынан үзілген еді. Трамп пен оның командасы, сондай-ақ, үшінші дүниежүзілік соғысқа жол беруге қарсы. Біз де оны құптаймыз. Трамп Украинадағы соғысты келіссөз арқылы шешуге бел шеше кірісkелі отыр. Оған біз дайынбыз» деп мәлімдеме жасады.

### ЖАҺАНҒА ЖАҒЫМСЫЗ ЫҚПАЛ ЖАСАЙДЫ

Д.Трамптың ДДҰ-дан және Париж келісімінен шығуы жаһанға жағымсыз ықпал жасауы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO) – жаһандық қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды үйлестіруші орган. АҚШ бұл ұйымның ең ірі қаржы донорының бірі ретінде оның бюджетінің шамамен 15 пайызын қамтамасыз етіп келді. Сондықтан бұл шешім халықаралық денсаулық сақтау саласына кері әсерін тигізеді. АҚШ-тың қаржылай қолдауының азаюы вакциналар әзірлеу, ауруларды бақылау және денсаулық сақтау жобаларын жүзеге асыруға қажетті ресурстардың тапшылығын туындатады.

Әлемдегі ең ірі парниктік газ шығарушы елдердің бірі ретінде АҚШ-тың Париж келісімінен шығуы жаһандық климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша ынтымақтастықты әлсіретті. Кейбір елдер АҚШ-тың бұл шешіміне байланысты өз белсенділігін азайтуы мүмкін. Париж келісіміне сәйкес, келісімге қатысушы елдер ғаламдық температураның көтерілуін 2°C-тан аспайтын деңгейде ұстауға және оны 1,5°C-қа дейін шектеуге тырысуға міндеттелген. АҚШ-тың бұл келісімнен шығуы парниктік газдар шығарындыларын азайту қарқынының баяулауына алып келеді. Дегенмен Еуропалық комиссияның президенті Урсула фон дер Ляйен: «Париж келісімі – әлі де бүкіл адамзат үшін ең үлкен үміт. Сондықтан Еуропа бұл жолдан қайтпайды, табиғатты қорғағысы келетін және жаһандық жылынуды тоқтатуға ұмтылатын барлық елмен ынтымақтастықты жалғастырады» деп мәлімдеді.

АҚШ-тың Париж келісімінен шығуы «Трамптың мұнай мен газ өндірісін «максималды деңгейге» дейін арттыруға бағытталған кешенді жоспар әзірлеуіне қатысты. Өйткені Трамптың бұл жоспары экологиялық стандарттарды әлсірету және қазба отындарын көп пайдалану жаһандық климаттың өзгеруімен күресуге кері әсерін тигізеді. АҚШ мұнай мен газ өндірісін ұлғайту арқылы әлемдік энергетикалық нарықтағы рөлін күшейтеді. Бұл әсіресе энергияның бағасына айрықша әсер етуі мүмкін, себебі АҚШ әлемдегі ең ірі мұнай өндіруші елдердің бірі болғандықтан, оның өндірісінің өсуі мұнай мен газ бағасын төмендетеді. Бұл мұнай мен газға тәуелді мемлекеттер үшін экономикалық тұрғыдан кері әсер етеді. Екінші тұрғыдан алғанда, мұнай бағасын төмендету арқылы Ресейді соғысты тоқтатуға итермелеудің де бір қадамы болуы мүмкін.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ҒАРЫШҚА СПУТНИК ҰШЫРАДЫ

2026 жылы Өзбекстан Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен бірлесіп, ғарышқа Жер серігін ұшырмақ.



Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен бірлескен зерттеу жобасы қолға алынған. Спутникті құрастыру бойынша нақты жоспар бекітілген. Алайда Өзбекғарыш отандық спутник дайындауға әзірге асықпайды. Оған қомақты қаржы қажет. Бүгінде әлемдегі ғарыш саласында қаржы айналымы 500 млрд долларға жеткен. Алдағы 10 жылда көрсеткіш 2 трлн АҚШ долларынан асуы ғажап емес.

### 76 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Түркияның солтүстік-батысындағы Карталкая тау шаңғысы курортында ағаштан салынған қонақүйдің 12-қабатында болған өрттен қаза болғандар 76 адамға жетті.



Қаза болған 52 адамның аты-жөні анықталды деп хабарлады Түркияның Ішкі істер министрі. Өрт басталған кезде онда 238 адам болған деді ол. Қонақүйдің тау бөктерінде орналасуы құтқарушылардың жұмысын қиындатқан. Өрт 10 сағатта әзер ауыздықталған. Өрттің неден шыққаны белгісіз – үкімет оқиғаны тергеу үшін 6 прокурор тағайындаған. Өрттің себебін тергеу бойынша 9 адам ұсталды. Арасында қонақүй иесі де бар.

### АДАМ МЕН ҚҰЛТЕМІР ЖАРЫСАДЫ

Бейжіңде адам тәрізді роботтар қатысатын жартылай марафон өтеді. Жарысқа 12000-ға жуық адам қатысады, 20-дан астам компанияның роботтары олармен 21 шақырым қашықтықта жүгіреді.



Қытай адам тәріздес роботтар экономикалық өсімді арттыруға және АҚШ-пен технологиялық бәсекелестікте өз позициясын нығайтуға серпін береді деп санайды. Тұрғындарының қарттану салыстырмасының жоғарылауы және бала туу көрсеткішінің төмендеуіне байланысты Қытай зауыттарда және басқа жұмыс процесінде роботтар қолдануды зерттеп жатыр.

# СОЛТҮСТІККЕ КӨШ – ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ МИССИЯСЫ

Халықтың Астана, Алматы секілді ірі мегаполистерге қоныс аудару, шоғырлану салдарынан еліміздің солтүстік аймақтарындағы тұрғындар саны елеулі қысқарған. Соңғы жылдарда Солтүстік Қазақстан облысында халық саны – 22,43%-ға, Павлодар облысының тұрғындары – 5,76 пайызға, Қостанай облысының тұрғындары 8,3 пайызға азайған. Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасы нәтиже бермегені туралы жоғарғы мінберлерден айтылып жүр. Не істеу керек? Шекараға іргелес жатқан елді мекендеріміздің жағдайы қалай деген сұрақтардың жауабын Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ұлт тағдыры – Қызылжар», «Тамыр жаю» деп аталатын ұйымның жетекшісі, жас ғалым, PhD постдокторант Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫНАН сұрап білген едік.



– Бізде Солтүстік Қазақстан облысында 523,3 мың халықтың 35 пайызы – қазақ, 65 пайызы – өзге ұлт өкілдерінен. Қаланың өзінде 218 мың халық тұрады, 31 пайызы – қазақ, 58 пайызы – орыс халқы өкілдері, 31 пайыз дегеніміз – Петропавлда 65-70 мың қазақ тұрады деген сөз.

**– Тіл мәселесінің бір кілті мектеп, білім ордасы ғой.**

– Егер мұндағы аралас мектептерді санамағанда алты ғана қазақ мектебі бар. Кейіндері қала сыртындағы батпақты айнала орналасқан «Береке» шағын ауданында жаңа мектеп салынғанда қуанарымызды не қуанбасымызды білмедік. Қазақ тілінде білім алуын соншама қалағанмен, қыстың суығында таңғы сегізден тұрып, баласын мектепке тасып жеткізе ала ма? Қоғамдық көлік мандытып жүрмейді, ел арасы алыс. Ақырында ата-аналар балаларын үйлерінің жанындағы аралас мектептерге беруге мәжбүр болды. Ондай мектептердегі қазақ сыныптарынан да мән кете бастайды. Айталық, физика, химия сияқты пәндер тек жоғары сыныптарда өтеді. Сағаты аз болған соң, мұғалімдерге аз төленеді. Мектепке келіп-кететін көлігінің де қаражатын ақтамайтыны себепті, мұғалімдер де бас тартқан кезде қазақ сыныптарындағы білім сапасы төмендеген. Мұны көрген ата-ана қарап отырсын ба, балаларын жедел-ғабыл орыс сыныптарына ауыстырып, ақырында аралас мектептегі қазақ сыныптарының да болашағы бұлдыр бола бастады. Міне, жағдай осы. Тәжірибелі ұстаздар жалақысы жақсы жер іздеп кетті.

Менің өзім оқыған классикалық гимназияда сол жылдары төрт сынып қатар бітірген едік, мыңға тарта оқушы болатын. Қазіргі күні онда 320 бала оқиды, былтыр інім мектеп бітіргенде бар-жоғы екі параллель сынып бітіріп шықты. Оның өзі бір сыныпта 13-14 оқушыдан болған.

**– Халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтарындағы жастарды Қазақстанның солтүстік өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыруға арналған «Серпін» бағдарламасының бұл өңірге сәулесі түспеді ме?**

– Бұл бағдарлама бойынша оңтүстіктен келген жастарға солтүстік өңірлердің жоғары оқу орындарынан грант алу мүмкіндігі қарастырылған болатын. «Серпін» де солтүстікті серпілте алмады. Бірінші жылдары оқуға түскен 110 баланың 80-і оқуды бітірді. Отызы II-III курстарда Астана мен Алматыға ауысып, тағы басқа сылтаулармен өз еліне «қашып» кетті. Осы сексеннің отызы ғана жұмыс тапты, Петропавлдан 20-сы жұмыс таба алмады. Фермерлер электрик етіп те жұмысқа алмады. Мұнда жұмыс орны қат болғандықтан, алдымен өздерін жарылқайды емес пе? Ал ауылға барып жұмыс істегісі келсе, ол жақтан үй алуға мүмкіндігі жоқ, өйткені жас түлек отбасылы болуы шарт.

Сізге мысал келтірейін, екі жас үйленді, некеге тұрып қалың малын беріп, тойын жасады. Бір жылдан кейін жігіт кредитті жаба алмай масқүнемдікке салынып, ажырасып тынды. Жұмыс қайда дегенде, қияндағы жарық жетпеген, жолы салынбаған, суы жоқ елді мекендерге, алдыңа мал саламыз, жем-шөбін береміз деп шақыртады. Тым болмағанда қарапайым жағдай болмаған соң, халық тұрақтай алмайды.

Солтүстікке оңтүстіктен кімдер көшіп келеді? Мұнда көбіне қалтасында ештеңе жоқ, қор жинамаған, жұмыссыздар келеді. Оңтүстіктегі жұмыссыздық көрсеткішін солтүстікке алып келгеннен не пайда? Істің көзін білетін, оңтүстіктегі кәсібін мұнда да дөңгелетіп жіберетіндер келген жоқ. Өз жағында мандытып ештеңе істемей, игілікке қолы жетпеген адам мұнда келіп қарық қылады деп ойламаймын. Ащы да болса шындығы осы!

**– Оралмандар көші солтүстіктегі демографияның бір түйінін шешер ме еді?**

– Күні бүгінде Моңғолияда көшем деп тұрған 150 мыңға жуық қазақ, Қырғызстанда 41 мыңға жуық қандастың үзеңгісі көтеріліп тұр. Бұл ресми алған да. Ыстықкөлдің жағалауында іссапарда болдым, қазақтың баласы - қырғыз болып жазылғандар көп екен.

Мен Омбыда дүниеге келдім. Әке-шешем әдейілеп балам қазақ болып өссін деп, қазақ тілінде мектеп бітірсін деп осында көшіп келді. Балаларының болашағы үшін қазақша оқысын деп көшіп келгісі келетіндер жеткілікті. Ираннан 37 отбасы көшіп келді. Олардың тұрақтандыруына атсалысып, бірлесіп жұмыс істедік. Ауғанстаннан Көкшетауға екі отбасы қоныс тепті. Бізге оңтүстіктен солтүстікке емес, Ресей мен Қытайдан да емес, Өзбекстан мен Қырғызстаннан қазақтарын көшіру керек. Олар тез жерсініп кете алады.

Моңғолия мен Ресей арасында шекара бар, «әкемнің көзі» деп ала шыққан киіз үйін өткізе алмайтын жағдай бар. Киіз үйден басқа азын-аулақ малын, жиған-тергенін жеткізу мұң. Елге қарай көш бұру үшін азын-аулақ қаражаты болуы тиіс, мемлекет тарапынан көмек болмаса, кей қандастарымыз елге оралудың бейнетін сезініп отыр. Келген бетте бейімдеу орталығын ашу керек. Ондай жұмыс өзіміздің жергілікті қазақтарымызға да керек. Атажұртын аңсап келген қандастарымызды «қытай», «өзбек», «тәжік» деп атап, бауырымызға тартудың орнына сыртқа итереміз. Көші-қон бағдарламасы шикі жұмыс істейді. Көшіп келгендерді қазақи ауылдарға көшіреміз дейді. Қазақы ауылдардың жағдайы мүшкіл.

«Бәйтерек» деген жерге 600-дей адам көшіп келді. Мемлекет үй салып берді, бірақ айналысатын жұмысы жоқ. Елді қоныстырғанда олардың жұмыс істеп, ақша табуын да ойлау керек. Бірнеше жыл мектеп салынбады, аурухана, балабақшасы болған жоқ. Жолын да кеш салып, отын-суын жеткізуді де кеш ойластырды. Басында үйлерді тегін таратып, соңынан 15 миллионға бағалады. Шындап келгенде, өзіндік құнынан бірнеше есе артып тұр. Жылдан жылға тұрмыстың қиындығынан тұрғындары тастап кеткен себепті 38 ауыл жабылды. Кейбір ауылдарда атап айтқанда, Сәбиттің, Сафуанның ауылының мектебінің есігі жабылды. Смағұл ауылдарында алпысқа жуық бала оқиды, Мағжан ауылында 40-қа жуық бала оқиды. Ол да жабылады. Смағұл ауылы қиян шетте. Жету қиын, жол жаман, адамды байлап тұрғыза алмайсыз. Осы өңірдің астығын өсіріп, пайдасына батқан монополистер қазақ ауылдарының гүлденуіне жаны ашып жатқандары шамалы. Бір фермерлер бар, егінді жинап алғаннан кейін, сабанына дейін жағып жібереді. Халықтың малы жайылып, бүйірі шығып, тойынбасын, халыққа тегін азық бұйырмасын деп ойлайтын болар. Елдің қамын ойлағандар мұндай әрекетке бармас па еді? Халық байымасын, өзіне құл болсын дейтіндердің шектен шығатын кездері бар.

Менің ойымша, солтүстікті тұрғындарының өзіндік квотасы, үстеме ақысы болуы тиіс. Еліміздегі негізгі оқу орындарының филиалдарын ашу керек. Қаншама қаражат құйып жастарды шетелге де жіберіп жатыр ғой, соның аз ғана бөлігімен де жастарды солтүстікке шоғырландыра аламыз. Өйткені Солтүстік Қазақстанда мен оқып жүргенде соңғы сынып оқушыларын Ресейден келіп сондағы оқуға түсуге үгіттеп, насихат жұмыстарын жүргізетін. Қазір ешқандай үгітсіз-ақ мектеп

> Бізде Солтүстік Қазақстан облысында 523,3 мың халықтың 35 пайызы – қазақ, 65 пайызы – өзге ұлт өкілдерінен. Қаланың өзінде 218 мың халық тұрады, 31 пайызы – қазақ, 58 пайызы – орыс халқы өкілдері, 31 пайыз дегеніміз – Петропавлда 65-70 мың қазақ тұрады

түлектері өздері білім іздеп, сол елге кетіп жатыр. ҰБТ тапсырмай-ақ оқуға қабылданады. Соңғы курстарда зауыттарға жұмысқа тартады. Жалақысы жақсы, сонда жүріп «жергілікті қыздармен» көңіл қосып үйленіп қалады. Менінше, бакалаврды еліне қызмет етуі үшін ұлттық бағыттағы білімін өзіміздің елде оқуы керек. Одан кейінгі магистратура тағы басқасын кез келген елде ала берсін.

**– Іргеде тұрып жатсақ та, Петропавл қаласына алғаш рет келдім. Аз күнде қаншама тарихи жерлермен танысып, Алаш тарихының бастауы осында жатқанын көрдім.**

– Алаш институты Қызылжарда болуы тиіс деп ойлаймын. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» деген кітабы бар. Атты әскер құрамасын жасақтаған Құртай би, Әлти деген байлар осында өткен. Сонда Міржақып, Мағжан іздері жатыр. Шекаралық аймақтарда 29 медресе болған. Марал ишанның мектебі Қостанай мен Петропавлдың ортасында орналасқан.

Міржақып «Оян, қазақты» жазса, «Тұр, қазақты» жазған Байбатыр Ержанов деген Алаш азаматы осында өткен. Қазақтың тұңғыш судьясы Ғалиолла Ғалымжанов, қазақтың тұңғыш заңгері Айдархан Тұрлыбаев, медицинаның да негізгі кітабын жазған осы өңірдің азаматтары Жұмағали Тілеулин, Қазақстан тарихы тұңғыш кітабының авторы Қошке Кемеңгерұлы осы топырақта туды. Омбыдан бастап Петропавл, Орынбор осы бір үлкен жолдың бойында ғой. Алаш ардақтылары осында аялдап, қызметін атқарған дейтін деректерге байланатын орындар аз емес. Енді Алаш ардақтыларының іздерін ұлықтап, тым болмаса мемориалды тақта орнату да қиын. Оны іздеушісі де жоқ, елеп жатқан билік те көрінбейді.

Оларды қазақтың, ел-жерінің тарихы ойландыра бермеді. Бұрынғы 1920 жылдардағы қазақ зиялылары оқыған Қазақ педагогикалық институттың ғимаратын қазіргі қожайыны жекешелендіріп алып, бұрынғы тақтасын алып тастады. Үлкен білім ордасының, мықтыларымыздың түлеп ұшқан қасиетті жері тарихтың құрметіне де зар болып қалды.

Мемлекет қайраткері Жұмабай Шаяхметовтің тұрған үйі бар, оны мұражайға айналдыруға болар еді. Мағжанның музейін айдаладағы адам аяғы жетпейтін ауылына апарып тастадық. Оны қалаға көшіріп әкелсе, кәні. Смағұл Сәдуақасовтың өмірі мен қызметіне қатысты жерлер елеусіз қалып, халық санасынан өшіп, есімі ұмытылып бара жатыр. Осман патшасына барып, халықтың мұң-мұқтажын айтқан Шәймерден Қосшығұлдың есімі айтылмайды. Ал жергілікті жердің тарихын білетіндер де жоқтың қасы.

Қала атын ауыстыруға әлі ерте, алдымен, мемлекет құрушы ұлтымыздың саны артуы керек. Қаланың байырғы тұрғындарымен жұмыс істеп, халықты дайындау керек. Әзірге репресия, алаштану тарихына қатысты көрнекі орындарды қалпына келтіріп, тарихтың шаңын қағыстырып, өткенге тағзым ретінде дәстүрімізді қалыптастыруымыз дұрыс болар еді. Өлкетану жұмыстарын қолға алғанның зияны жоқ. Облыстық музейде Ботай қоныстарына байланысты аталған Ботай мәдениеті – энеолит дәуіріндегі Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті шаң басып тұр. Ботай есерткішіне 1981-1983 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан университетінің археологиялық экспедициясы профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстарын жүргізген, сол жақсы көрініс тапқан. Ботай мәдениетінен кейінгі елдің мұрагерлерінің тұрмыс-тіршілігі, даму тарихы мен мәдениеті қандай болған деген сұрақтың жауабы жоқ. Есесіне патшалық Ресейдің отарлық саясатынан хабардар ететін ат шаптырым залдары бар. Орта ғасырдан және сол уақыттағы өмірінен ештеңе жоқ.

Осыдан 24 жыл бұрын, «Асыл мұра» орталығы ашылған еді. 2012 жылға дейін жұмыс істеп, 70-ге жуық кітап шығарып, 500-ге жуық тарихи-тағылымдық мақалалар жазған еді. Сол еңбектерді көбейтіп, шығарса ғой. Кейбір зерттеушілер соның еңбектерін ұрлап, игеріп жатыр. «Асыл мұра» орталығын құрған Қайролла Мұқанұлы, Ғалым Қадралин, Социал Жұмабаев сияқты тұлғалардың есімі күннен күнге өшіп барады.

Тарих жоқ емес, бар. Көбі көрші елдердің қорларында жатыр. Ардақтыларымыздың мұрасын зерттеу барысында жеті мемлекетте 51 кітапханада, 34 архивте жұмыс істедім. Осыншама мағлұматты халықтың көзін ашуға, еліміздің өткен тарихын жаңғыртуға пайдалана алмай отырған соң, қиянатқа жаның шыдамайды екен.

**Айгүл УАЙС**

### ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨҢІРЛІК КВОТАСЫ БЕКІТІЛДІ

2025 жылы өңірлік квота облыстар бойынша төмендегідей бөлінді:

- қоныс аударушылар үшін:

Павлодар облысы – 3 050 адам,
Солтүстік Қазақстан облысы – 2 969 адам,
Қостанай облысы – 535 адам,
Шығыс Қазақстан облысы – 372 адам,
Абай облысы – 255 адам,
Ұлытау облысы – 125 адам,
Қарағанды облысы – 38 адам.

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға мемлекеттік қолдау шарасы көрсетілетін болады, атап айтқанда:

- көшуге субсидиялар – отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (275 240 тг) бойынша біржолғы төлем; Яғни сіздің үйіңізде 10 адам болса, сол он адамның ішінде еңкейген карттан бастап, еңбектеген балаға дейін осы ақшаны алады. Бірақ, бұл бір реттік қана көмек. Және белгілі бір уақытта көшіп кетсеңіз, бұл қаржыны қайтаруға міндеттелесіз.
- 12 ай ішінде бір отбасына 15-тен 30 АЕК-ке (58 980 – 117 960 тг аралығы) дейін төленетін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу үшін субсидиялар. (адам санына байланысты);
- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;
- жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу; (жұмысқа орналасу мәселесі, сұраныс көп байланысты. Егер сіз, әдебиет пәнінің мұғалімі болып, бір ауылға келсеңіз, ол ауылда әдебиет пәніне вакансия болмаса, сіз жұмысқа кіре алмайсыз. Сол себепті алдымен жұмыс орнын реттеп алып, сосын барып көшкеніңіз жөн).
- тұрғын үй сатып алуға экономикалық мобильділік сертификаттарын беру (тұрғын үй құнының 50%). Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевканың тұрғылықты адамы өз үйін сатайын деп, үй бағасын 7 миллион деп қойса, сол үйдің жарты бағасын үкімет өтеп береді. Ал қалған ақшаны көшіп келушінің өзі төлейді.

*Бурахан Дақановтың ФБ парақшасынан алынды*

Әбдіжәлел Қошқарұлы Бәкір – танымал ұлтжанды әрі мемлекетшіл қоғам қайраткері, алаштанушы, шоқайтанушы көрнекті ғалым, философ, саяси ғылымдар докторы, профессор, мемлекеттік басқару, бұқаралық ақпарат, білім салаларында жауапты қызметтер атқарған іргелі азамат, ұлағатты ұстаз. 1995-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің екі мәрте депутаты. Мұның бәрі азамат өмірінің бел-белестері, тіпті өмір сынақтары десе де болады. Себебі кеңестік заманда билеуші коммунистік партияның саясатымен өмір сүрген, комсомол, партия органдарында жауапты қызметтер атқарып жүрген кезеңдерде іште ұлтым деп соққан жүректің адастырмас темірқазығынан айнымау оңай болмағаны аян. Ал сол көрінбей жол сілтеуші темірқазық – Мұстафа Шоқай еді.

# ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – МҰСТАФА ШОҚАЙ



Әбдіжәлел Бәкір 1940 жылы 23 қаңтарда Қызылорда облысының Сырдария ауданында Айдарлы ауылында дүниеге келді. Әкесі Қошқар Оразұлы мен анасы Патыма Рахменбердіқызы ұлдары Әбдіжәлелді балалы бола алмаған нағашы аға-жеңгесі Бәкір Сопбекұлы мен Нәзира Сопбеккелінінің бауырына салды, ұрпақты етті. Қазақтың кең көңілі, өнегелі ұлттық салт-ай! Алайда аяулы бейнелері жадында жоқ екі жасар Әбдіжәлелдің қос әкесі де 1942 жылы шілде айында сұм соғысқа аттанып кете барды, екеуі де майданда опат болды. Отағасыларының шаңырағын шайқалтпай асыл азаматтарын күткен екі ана басқа түскен қиыншылықтарды елмен бірге еңсеріп, олардың ұрпақтарын қатарларынан кем етпей өсірді. Әзиз аналар Нәзира Сопбекселіні 1978 жылы, Патыма Рахменбердіқызы 2009 жылы өніп-өскен ұрпақтарын көріп дүниеден өтті. Әбдіжәлел нағашы атасы Сопбектің Ахметінің қамқорлығында өсті. Ол Баспақ батыр-бидің немересі-тін. Ал Мұстафа Шоқайдың анасы Бақтыбике осы Баспақ батырдың туған қарындасы болатын. Әйгілі Баспақ Қозыбекұлы батыр әрі би (шын аты Мәмбетәлі) – XIX ғасырда өмір сүрген, елін Қоқан хандығының озбырлығынан қорғаған ел арасында айтулы тұлға.

Елуінші жылдардың басында Ахмет атасы балам жақсы білім алсын деген ниетпен Сырдария ауданындағы Айдарлы ауылынан Қызылорда қаласына көшіп келді. Көршілері Мұстафаның туған інісі Мұртазаның баласы Мәдиярдың отбасы еді. Оның шешесі Зұлфия бұрын Шоқайдың інісі Оспанның жесірі екен. «Сол Зұлфия апай «Біздің қайнаға (Мұстафаны айтады) жеті патшаның тілін біледі» деп аракідік айтып қоятын. «Бұл сөздің растығына 2012-2014 жылдары Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық толық жинағы шыққанда көзім жетті. Еңбектері тоғыз тілде жарық көрген екен» дейді Әбекең бұл күнде.

Мұстафа Шоқай есіміне осылай ертеден қанық болып өскенімен, жоғары саяси қызметте жүрген Әбдіжәлелге ұлы тұлғаның өмірін, қызметі мен шығармашылығын зерделеу тұрмақ, онымен әлдебір туыстық қатынасы бар екенін сездіру де мүмкін емес еді. Бірақ таңның атпасына күн қоймайтыны сияқты заманның өзгеруі де – заңдылық. Қасаң кеңес қоғамын қайта құру науқаны арқасында жариялылыққа ашылған мүмкіндікті жедел де ұтымды пайдаланып, түрік әлемінің айтулы көсемі Мұстафа Шоқайдың қызметін әділ бағалау жолын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әнуар Әлімжанов бастап жіберді. Көп ұзамай Мұстафа арманы да орындалды, рухы туған еліне оралды, Түркістаны – Орталық Азияның кеңестік республикалары Тәуелсіздікке жетті. Сол-ақ екен Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған зерттеу мақалалар, көркем шығармалар, деректі және көркем фильмдер бірінен соң бірі шығып жатты, ғылыми диссертациялар қорғалды, оның еңбектері том-том болып жарияланды.

1956 жылы Қызылорда қаласындағы 1 Май (қазір Қалтай Мұхамеджанов) атындағы орта мектепті, 1963 жылы Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогика институтының (қазір Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) филология факультетін үздік дипломмен бітірді. Жалындаған жас маман Әбдіжәлел еңбек жолын әуелі Сырдария ауданында ауылда, одан кейін Қызылорда қаласында орта мектепте мұғалімдіктен бастады.

Әбдіжәлел Бәкір 1965 жылы Қызылорда қалалық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Осы қызметте жүргенінде келешек өсуге лайықты кадр ретінде Мәскеуге Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағының (БЛКЖО) Орталық комитеті жанындағы Жоғары комсомол мектебіне саяси білімін көтеруге жіберілді. Оқу бітірген соң Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін Қызылорда облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. Ә.Бәкірдің 1967-1974 жылдары қалалық, облыстық комсомол комитеттерінің жетекшісі қызметінде Қызылорда қаласында осы күнге дейін пайдаланылып келе жатқан үлкен стадионның құрылысын екпінді құрылыс деп жариялап, жастарды молынан жұмылдыруы сол замандағы тұстастарының есінде қалды. Стадион біткен соң оған кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Сыр перзенті – жастардың жалын жетекшісі, Мәскеуде БЛЖКО Орталық комитетінде қызмет атқарған, сол бір өтпелі қиыншылық кезенде өздерін ашаршылықтан құтқарғанын, оқуға кіргізгенін ардайым ризашылықпен айтып өткен талай адамды қатарға қосқан Ғани Мұратбаевтың есімін беру, стадион алдына оның ескерткішін орнату істеріне де бастамашы әрі ұйымдастырушы болды. Бұдан басқа облыста күріштен әлемдік рекорд деңгейінде мол өнім алған әйгілі даңғайыр диқан Ыбырай Жақаевтың ізбасарларын қалыптастырып, еңбек даңқын жалғастыру үшін жас күрішші диқандар арасында жақаевшылар қозғалысын ұйымдастыру қолға алынды. Елімізде кең қанат жайған бұл үлкен іс Социалистік Еңбек Ерінің екінші Алтын жұлдызы болып Ыбырайдың ғана емес, күллі күрішші диқандардың мерейін көтерді. Комсомолдан соң қызмет Қызылорда облыстық партия комитетінде жалғасты. 1974-1991 жылдары он жеті жылдан астам партиялық қызметте обкомның бөлім меңгерушісіне дейін көтерілді. Өзі қарауында қызмет істеген Қызылорда обкомының идеология жөніндегі хатшысы Қаржаубай Жарқынбековтің партияның сөзін сөйлей тұрып, ұлттық мүддені қисынын келтіріп жоғары білетін қасиетін өнеге тұтты. Байсалды да байыпты, кішіпейіл, ізденімпаз, досқа адал, уәдеге берік болып қалыптасты.

> Мұстафа Шоқай есіміне осылай ертеден қанық болып өскенімен, жоғары саяси қызметте жүрген Әбдіжәлелге ұлы тұлғаның өмірін, қызметі мен шығармашылығын зерделеу тұрмақ, онымен әлдебір туыстық қатынасы бар екенін сездіру де мүмкін емес еді. Бірақ таңның атпасына күн қоймайтыны сияқты заманның өзгеруі де – заңдылық

Обкомның бөлім меңгерушісі ретінде Әбдіжәлел Бәкір қауырт та жауапты қызмет ағынымен кетіп қалмай, партиялық жұмысты ғылыми ізденіспен ұштастыра алды. 1984 жылы Қазақстанның көрнекті этноәлеуметтанушы ғалымы, философия ғылымының докторы, профессор М.М.Сужиковтің жетекшілігімен ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша диссертация қорғады, философия ғылымының кандидаты дәрежесіне ие болды.

1991 жылы Әбекеңнің қызметі тың салаға ауысты, Қызылорда облыстық телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы болып тағайындалды. «Қазақстан – Қызылорда» облыстық телеарнасының мемлекеттік басқару органдарында халықпен жұмыс істеу мектебінен өткен әрі ұйымдастырушылық өмірлік тәжірибесі мол ғалым жаңа төрағасы тың істе тосылып қалмады, ұжымды біліктіліктен шығармашылық ізденістерге бастады, жастардың таланты ашылуына тәлімгерлік қамқорлықпен ерекше мән берді, тұрмыстық жағдайларына да көңіл бөлді, беделін салып компанияға пәтерлер бөлінуіне қол жеткізді. Осылай ұжымдағы байырғы журналистердің тәжірибесін, жас буынның серпінді талпынысын жаңашылдыққа бұра білді.

Әбдіжәлел Бәкірдің 1995 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қызылорда облысының Жалағаш, Жаңақорған және Шиелі аудандарын қамтыған аумақтық округтен халық өкілі ретінде депутат болып сайлануы оның қалыптасқан ұлтжанды да мемлекетшіл, орнықты қоғам қайраткері болмысын аша түсті, қабілет-қарымын жақсы танытты. Халқымыздың тілі, ділі, діні сияқты өзекті мәселелерде іркілмеді. Мәжілісте қабылданатын заңдардың, талқыланатын мәселелердің ұлттық мүдде тұрғысында қаралуында депутаттар – көрнекті қоғам қайраткерлері, Халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова, профессор Амангелді Айталы сынды кесімді тұлғалармен пікірлес болды, өзекті мәселелердің ұтымды шешімдерін табуда бірлесе әрекеттенді.

Астанадағы қазақ мектептерінің мардымсыз жай-күйі, келешек өркендеуі туралы мәселе көтеріп, сол кездегі қала әкімі Т.Досмұханбетовтің есебі Мәжілісте тыңдалуы қазақ мектептері мен балабақшаларының көбеюін арттырды. Әбдіжәлел Бәкірдің ана тіліміздің мерейі үшін күрестегі осындай табандылығын жоғары бағалап, Мәжіліс төрағасы Жармахан Тұяқбай оны «Тілдің табанды тарланы» десе, қайсар қаламгер Шерхан Мұртаза депутат әріптесін «Қазақ тілінің пәруана жанашыры» деп атаған екен. Бұқаралық ақпарат құралдарында да ел көкейіндегі өзекті мәселелерді ортаға салуымен жиі көрінді. Сайлаушыларымен кездесулерде айтары аз болмады. Ә.Бәкірдің міне, осындай елжандылық қасиет-қарымын лайықты бағалаған Сыр елі оны өз округінде 1999 жылы екінші рет Парламент депутаты етіп сайлады. Халық қалаулысы ел сенімін ақтады.

Әбекең Парламент депутаты кезінде ғана емес, одан кейінгі кезеңде де ана тіліміздің жанкүйер жанашыры ретінде өз пікірлерін, ұсыныстарын айтып та, жазып та келеді. Соның бір мысалы, Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасарына «Қазақ үні» ақпарат агенттігі арқылы жария жолдаған ашық хаты. Депутат кезінен Парламент әдебіне қанық Ә.Бәкір бұл хатында Мәжілісте өткен Үкімет сағатында орыс тілінде сайраған Алматы қаласының, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері орынбасарларының бұл тілбұзар қылықтарына депутаттардың орынды қынжылысын қақпайлап, үштілділік саясатты алға тартқан, «әрқайсымыздың екі тілде, тіпті үш тілде сөйлеуге құқымыз бар» деп құйқылжыған орынбасардың бұл әрекетінің орынсыздығын заңнама тұрғысынан негіздей отырып, айыптауы Әбекеңнің азаматтық ұлтжандылық ұстанымының тағы бір дәлелі.

Ғалым 2005 жылдан бастап біраз уақыт Астанада Қазақ гуманитарлық заң университетінде ұстаздық етті. Парламент қабырғасында тоғыз жыл ел мұқтажын мұңдайтын, халық сөзін сөйлейтін жақсылармен жақын жүріп рухани молыққан қайраткер студент жастарға енді ұлтжандылық, мемлекетшілдік қасиеттерді сіңіруге күш салды.

2006 жылы ғылыми зерттеуін аяқтап, «Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуы: саясаттанулық талдау» деген тақырыпта диссертация қорғады, саяси ғылым докторы дәрежесін алды. Бұдан басқа Ә.Бәкір өзінің Алаш қозғалысын зерттеу қорытындылырын 2008 жылы жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары» деген оқу құралы етіп ұсынды. 2011 жылы оған әлеуметтану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Ғалым өнімді еңбек етіп келеді. Оның қаламынан шыққан 200-ден астам ғылыми-көсемсөз мақала, 15-тей кітап – қазақ қоғамының өзекті мәселелері туралы әлеуметтік мәні зор еңбектері отандық саясаттану ғылымына сүбелі үлес болып қосылды.

Әбдіжәлел Қошқарұлы жарты ғасыр отасқан жары, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, математика пәнінің жоғары санатты мұғалімі Туғанай Мұханқызымен ұл-қыз өсірген ата-ана, әрбіген немере-шөберенің мерейлі ата-әжесі.



**Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,**
**Қазақстанның мәдениет қайраткері**

# АЛПЫС АҒАҒА ТАТИТЫН ТҰЛҒА ЕДІ



Жылқыбай ағаның өмірден өткеніне де бір жыл болыпты... Зымыраған уақыт еске алуға да мұрша берер емес. Тіршіліктің қамыты желкені жауыр қылған шақтарда өткенге мойын созып қарайтын сәттер болады. Сананды сілкитін, тәубеңе түрткі болатын естеліктің бірі Жықаң жайында.

Жасым қырыққа жақындаса да, ағалардың алдын аз көріппін. Мүмкін бұл менің өзіме ұқсас мінезді іздеуімнің салдары шығар. Бұл үшін өкінбеймін. Өйткені жалғыз Жықаңның өзі алпыс ағаға татитын тұлға-тұғын. Мен үшін, әрине.

Астананың қалыптасу кезеңі көз алдымда өтті. Жұрт жапа-тармағай қозғалып жатқан 2000 жылдардың басында мен де ел қатарлы Есілге еңсе тіктеуге келдім. Қайнаған құрылысқа араласып, тапқан нәпақаның оқуға түсуге құрастырып, үлкен үмітпен жүрген шақ.

2005 жылы өндірістік жарақат алып, екі мәрте операциядан өттім. Сөйтіп ауыр еңбекке жарамсыз болып қалдым. Не істемек керек? Сөздің басын құрастырып, той басқаруға кірістім. Кезекті бір тойдың үстінде Айдар есімді ағамыз мені жеке шақырып алып, аяқ астынан журналист болғың келе ме деп сұрады. Жастықтың жалыны шығар мүмкін. Екі сөзге келместен, әрине, дедім. Бұл енді ұзақ әңгіме. Осы кездесу менің алдағы тағдырымды шешті деуге болады. Көп ұзамай Жылқыбай Жағыпарұлымен таныстым.

Өмірімде алғаш рет газеттің редакциясына кіріп тұрмын. Айдар ағай «қазір күте тұрайық. Бүгін бұларда газет күні, мазалауға болмайды» деді. Осы сәтте менің бойымды түсініксіз қорқыныш биледі.

– Әй, Ербол-ай, үлкен кісіні әурелеп, қолыңнан келмейтін іске неге сөз бердің деген үрей. Өзіммен өзім іштей сандырақтасып отырмын. Осы сәтте «Бандыны қуған Хамиттегі» мына бір сөз есіме түсті. «Әй Құдыре! Кірерінді білгенде, шығарыңды неге ойламадың» деуші еді ғой. Мен де шығарымды ойлап отырмын. «Ештеңе жоқ, адамның істегенін адам істейді. Сенің қолыңнан келеді деп» өзіме серт бердім.

Жан-жағыма қарасам, қайнаған құбылыс. Қыздар, жігіттер қолдарында қат-қабат қағазбен жүгіріп жүр. Жықаң төр жақта отыр. Көзәйнегі мұрынның ұшында ілініп тұр. Шұқшиып әлдебір қағаздарға қадалып отыр. Орта бойлы, қима мұртты, сарылқау кісі екен. Аяқ астынан айқай салды. Редакцияның барлығы сол кісінің қасына үйіріле қалды. Мен әлі де болса қорқыныш үстінде отырмын. «Не боп қалды? Неге ұрсып жатыр» деп мені осында ертіп әкелген Айдар Қасымұлынан сұрадым.

– Мән берме. Газет деген тірі организм сияқты. Ал біздің Жылқыбайлар керек десең газетті жеуге дайын. Көрдің бе, әнекей? Мақаланың тақырыбы үшін үлкен шу шығып жатыр. Жылқыбай саған дейін талай шәкірт тәрбиелеген. Сені де тәрбиелейді, уайымдама, – деп сенім ұялатып қойды.

Кешқұрым жұмыс аяқталды. Түсінгенім, газетті басуға жіберді. Бас редактор Жықаңның түрі шаршаңқы. Бұрыштағы үлкен үстелдің басында таныстық.

– Айдар, досымсың ғой. Сен адам танитын адамсың. Бұл жігітті де бақылап көрейік деді.

– «Ел» деген – республикалық газет. Өзің сияқты жастар жүр. 2-3 еркін тақырып беремін. Жазып алып кел, содан соң сөйлесеміз, – деді. Сол күні екеуі шаршағанды басуға кетті. Ал мен болсам 8-автобусқа отырып, қалың жұрттың арасында жазатын мақаламды қиялдап барамын.

Өтірік айтып не қылайын? Жазған мақалам қате-қате, мәні, сөлі жоқ. Қызыл сөзге тұнып тұр. Жықаң жарықтықтың адамгершілігін кейін түсіндім. Мына сөзі есімнен кетпейді.

– Ерболжан, мен сені қуып жіберуге қимай тұрмын. Үлкен үмітпен келдің. Оған Айдар да, мен де кінәлі емеспін. Үмітіңді сөндіргім келмейді. Мен саған журналистиканың негіздерін үйретейін. Жалқау болмасаң, алып кетесің. Мен оған сенемін, – деді.

Арада 7 ай өтті. Газеттің бетіне менің бір емес, бірнеше мақалам шығып жатыр. Жылқыбай аға туған әкемдей болып кетті. Тіпті түскі асқа дейін алып береді. 5 мың теңгеден басталған айлығымды директор Қойшыбай ағадан қайта-қайта сұрап, 70 мыңға жеткізді. Жазуды үйрендім. Журналистикадан достар таптым. Тұрмыс та түзелген сияқты.

Жылға жетпей мені телеарнаға жұмысқа шақырды. Барып бағымды сынап көріп едім, 15 адамның ішінен өтіп кеттім. Жықаңа келіп жағдайды түсіндірдім. Тағы да сол адамгершілік. Басқа біреу болса «басымды қатырма, мен сені адам қылған, ешқайда бармайсың» деуші еді. Ал Жықаң болса ақылын айтып, батасын берді. Сенің қабілетің, күшің, мінезің бар. Сенімен тек мақтанып жүрейін деп ақ жол тіледі.

2010 жылы журналистер арасында республикалық конкурс болды. 400-ден астам БАҚ қызметкері «Конгресс-холдың» ішінде жүлдегерлердің есімін күтіп отырмыз. Бас жүлденің біреуі маған бұйырды. Қомақты сыйлығы бар. Бір күннен соң Жықаңа звондадым.

– Әлі талай марапат аласың. Бірақ журналистің биліктен марапат алуы жақсы құбылыс емес. Советтік дәуірдің сіңіргені ғой. Ал демократиялық қоғамның тілшісі марапатқа тіленбеуі керек. Бірақ мен сені сонда да құттықтаймын. Баяғы табалдырықтан аттап келген жеріңді ұмытпа. Сені маған Құдайдың өзі айдап әкелді. Ал мен Құдайдың аманатына қиянат қылмадым деп ойлаймын. Сол үшін қуанып тұрмын, – деді Жықаң.

Жылқыбай ағамен қайтарынан екі ай бұрын сөйлестік. Жетпіс жасқа дайындалып жатқанын айтты. «Келін қалай, кішкентайлар қалай, өсіп жатыр ма? Соларға көбірек мән бер, солардың қабілетін ашуға көбірек күш сал» деп ақылын айтты.

Бір реттеліп алсам, жеңешем екеуін үйге ет асып шақырамын ғой деп жүр едім. Қаңтарда қаралы хабар жетті. Қол жайып, дұға қылдық. Әр жұма сайын дұғама Жықаңды қосамын. Былтыр көктемде басына арнайы барып қайттым. Шүйкімдей төмпешік сол қалпында жатыр...

**Ербол МӘНДІБЕК,**
**журналист**

Биылғы жылдың 13 қаңтарымен 26 ақпан аралығында Үндістанда Кумбх Мела фестивалі өтуде. Бұл – діни сенім, мәдениет және дәстүрдің керемет үйлесімі ретінде ғасырлар бойы дамып келе жатқан рухани ояну мерекесі. Үнді дәстүрінің түп тамырына сіңіп, діни мейрам дәрежесінен де асып түскен, Үндістанның ең рухани маңызды фестивальдерінің бірі.

# СЕНІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ МЕРЕКЕСІ

«Мела» «жиын» немесе «фестиваль» дегенді білдіреді. Маха Кумбх 2025 бүкіл әлемнен 450 миллион үнділік табынушыларды және діндер мен конфессиялар өкілдері қатысады. Кумбх Мела қазіргі жаһандану дәуірінде рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтардың маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Кумбхтың ең таңғаларлық ерекшелігі – табынушылар жанын күнәлардан тазартып, азат етуге әкелетініне сенетін, Ганга, Ямуна және кейбір жерлерде Годавари және Шипра секілді қасиетті өзеннің суына сүңгіп, тазару рәсімі.

Дегенмен, қазіргі уақытта бұл тек рухани тәжірибе ғана емес, сонымен қатар рухани оқшаулану, медитация, өзін-өзі ойлау және Құдаймен қайта байланысу сияқты жеке және ұжымдық сенім тәжірибесінің қоспасы ретінде дамуда. Заманауи табынушылар ғұрыптық аспектіден маңыздырақ болып табылатын кеңірек рухани тәжірибеге талпынып, көбінесе рухани тыныштық пен сауығуды іздейді. Қазіргі әлемде Кумбх Мела адамдарға күнделікті өмірінен ажырап, ішкі жан дүниелерімен қайта байланысуға сирек мүмкіндік береді. Сыртқы әлемнен оқшаулап, ұжымдық дұға, ән айту және рефлексияға айналған бұл орта қатысушыларға терең бірлік пен құдайшылдық сезімін бастан кешуге көмектеседі.

Фестивальдің мәдени маңызы туралы айтқанда, алғашында Кумбх Мела діни тәжірибеден таралғанымен, оның мәдени маңыздылығы одан кем емес. Ол өнер, музыка, би, әдебиет және рухани пайымдаулар біріктірілген Үндістанның әртүрлі мәдени мұрасының жарқын көрінісін ұсынады. Үндістанның және әлемнің түкпір-түкпірінен келген табынушылардың жаппай қауымдасуы болып табылатын Мела, Үндістанның бай мәдени әртүрлілігінің жаһандық микрокосмосына айналғанының дәлелі.

Мұнда әртүрліліктің үйлесімділігі көрініс тапқан. Кумбх Мела тек индустарды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі діндер, мәдениеттер мен салалардан шыққан адамдарды қызықтыратын, барша әлемдегі халықаралық көрініс ретінде ең үлкен адамдар жиындарының біріне айналды. Кумбхтағы мәдени әртүрлілік табынушылар өздерімен бірге алып келетін әртүрлі тілдерде, әдет-ғұрыптарда, рәсімдер мен тәжірибелерде көрінеді. Қазіргі жаһанданған әлемде, Кумбх Мела жаңа өзектілікке ие болды. Мела өзінің рухани мәнін сақтай отырып, қазіргі заманда тұрақтылық, әлеуметтік әл-ауқат және қоғамға оң ықпал ету идеяларын қамтиды.

Қоғам әртүрлі экологиялық, әлеуметтік немесе рухани қиындықтармен бетпе-бет келетін дәуірде, Кумбх Мела бірліктің, үміттің және трансформацияның шамшырағы болып табылады. Ол жеке рухани өсуге жол ұсынып қана қоймайды, сонымен бірге әлемді құрайтын әртүрлі мәдениеттер мен адамдарға ұжымдық жауапкершілікті, келісімді және құрметті қалыптастырады. Біз белгісіздік пен күйзеліске толы жылдам өзгеретін әлемге алға жылжуды жалғастырып отырғандықтан, Кумбх Мела сенімнің тұрақты күшінің, бай мәдени әртүрліліктің және адамның мән мен байланысқа деген мәңгілік ізденістерінің тірі куәгері болып қала береді.

**Др. Т.В. Нагендра Прасад,**
**Үндістанның Қазақстан Республикасындағы елшісі**

# БЕСІКТЕН БЕЗГЕН БЕЗБҮЙРЕК

Көнермейтін, тозбайтын зат жоқ десек те, қаладағы қоқыс жәшігінде том-том кітаптардың, қазақтың ұлттық бұйымдарының жатқанын көргенде жүрегің ауырады. «Итке темірдің керегі не» дегендей, ұлттық болмысқа, ұлттық құндылыққа, ұлттық тәлім-тәрбиеге пысқырып та қарамайтындар жөнінен алғанда қазақтың ырым-тыйымы, салт-дәстүрі де бір тиын секілді. Бас қаладағы қоқыс үйіндісінің арасында жатқан бесікті көргенде маған осындай ой келді.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**



«Шаңырақтың амандығы – елдің тыныштығы», «Табалдырықтан биік тау жоқ», «Төріңде бесік тұрса, төре де бас иеді» деп түгел сөзін түйіндеген қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты айрықша қастерлеген. Осы үш затты қатты тозып, тым ескіріп кетсе де қоқысқа тастамағанын ескерсек, әлі сыры да кетпеген сапсау бесікті төсеніш-көрпесімен, бау-шуларымен қоқысқа тастау барып тұрған тексіздіктен басқа ештеңе емес.

«Нәрестенің бесігі – кең дүниенің есігі» деп білетін қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінде бесік тек сәбидің алғашқы жатар орны ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі саналады. Былайша айтқанда, әр қазақтың жүрегінде балаға батырлық, даналық, ұрпақ сабақтастығының қасиеті бесіктен беріледі деген сенім қалыптасқан. Сосын да далаға, қоқысқа тастамақ түгілі, бос бесіктің өзін орап, шымқап алып жүрген қазақ «бос бесікті тербетпе», «Бесіктің теріс жағына отырма», «Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырма» деген тыйымдармен бесіктің қадір-қасиетін әрқашан жоғары ұстады. Оған құрметсіздік таныту – жамандық шақырумен тең бағаланды. Мәселен, баласынан айырылған, сәбиі шетінеген аналар сол қасіретті көтере алмай, ақыл-есінен алжасып бос бесікті тербетуі мүмкін. Бос бесікті тербетпеудің, бесікті ашық тастамау тыйымының мәні, міне, осы.

Қазақ үшін алғанда шаңыраға ортасына түскеннен, бесігі жұртта қалғаннан сұмдық көрініс жоқ. Өйткені қазақ дүниетанымында шаңырақ – отбасының, ұрпақ жалғастығының және рухани бірліктің символы. Ал бесік – ұлттың болашағының, нәрестенің аман-есен өсіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруінің нышаны. Шаңырақтың ортасына түсуі – отбасының күйреуін, ал бесіктің жұртта қалуы – сол әулеттің тұқымның үзілгенін, тұяғының тұжырылғанын білдіреді.

Бесікті мықты, иілгіш және ұзақ уақытқа шыдайтын ағаштан жасайды әрі ағаштың энергетикасы мен киелілігі де ескеріледі. Сосында қазақ бесікті көбінде талдан, аршадан, жиделен немесе басқа да жұмсақ ағаштардан жасаған. Қайың, қарағаш сияқты қатты ағаштардан «жолы қатты болады» деп бесік жасамайды. «Бесікті алабажақ қып сырласа, бала шошып оянды» деп қарап, бесікті беталды әшекейлеп сырламаған, көбінде жоса сияқты табиғи заттармен бояған.

Сапалы ағаштан жасалған бесік бірнеше ұрпақтың пайдалануына жарайды. Сондықтан бір бесікке бір отбасының барлық баласы немесе туыстардың балалары жатқан. Мұның да өзіндік мәні бар. Халқымыз бір бесікте өскен балалардың арасында бауырмалдық пен туыстық сезім артады деп сенген. Мәселен, 1897 жылы жасалған (Мүсілім Мұхамадиұлы, 1897 ж.) бесікке 71 баланың бөленгені әне соның дәлелі (Абай Мауқараның «Киелі бесіктің таңғажайып тарихы туралы» мақаласы). Осы мақаладағы «Екі басының иілген доғасы қақтап шабылған, тастай болып кепкен қара тал екен, ақ таяқ секілді арқалық ағаш отқа қыздырған істікпен қарыла-қарыла ине шаншар жер қалмаған» деген сөйлем де қазақтың бесікке қатысты тағы бір ырымынан сыр шертіп тұр. Халқымыз пайдаланбайтын кезінде бесікті сүртіп, тазалап, матамен орап биік жерге қойып қойса, келесі баланы бесікке салар кезде оны отпен аластап, бесіктің арқалығын қарып немесе кертіп қояды. Мүмкін бұл да жын-шайтаннан, көз тиюден және жаман энергиялардан сақтанудың бір жолы болса керек.

Бесік ғасырлар бойы көшпелі қазақтың өмірінің ажырамас бөлігі болып келді. Қазақтың көшпелі тұрмысында қауіпсіздік тұрғысынан да бесіктің атқарған рөлі айрықша. Бірақ бүгінгі дәуірде бесіктің осы бір қасиеттерін ескермей, керісінше «бесікке таңу баланың өсіп-жетілуіне зиянды»; «бесікте жатқан баланың миы шайқалады»... деген сияқты негізсіз пәтуаларды шығарып, баланы бесікке бөлемейтін, бөлегісі келмейтін жастар көбейді. Оны тіпті мәдениетсіздіктің белгісі ретінде қарайтындар да бар. «Бесікке салу», «тыштыма жасау» дәстүріміз ұмытылып, бесік жырын айту да азайып барады. Бұл да – ұлттық құндылықтың құлдырағаны!

## ДҮЙСЕНБІ
## 27 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
